

SAIGA NEWS



Ақбөкенді сақтау Альянсының бюллетені

**Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде
мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығады**



© Евгений Полонскийдікі

Публикуется
при поддержке:



Дополнительная
поддержка:



Мазмұны

Форум

Вячеслав Гагарин, Алексей Вайсман, Мария Воронцова, Сергей Гашев және Владимир Кревер Ақбөкенді жерлеу ерте

Новости

Карлин Самуэль Ақбөкендердің жаппай қырылуларын зерттеуші ғалымдардың халықаралық группасының соңғы жаңалықтары

Алёна Кривошеева Қазақстанда ақбөкендерді сақтау мәселелерін талқылау жөніндегі семинар

Лиша Бирченаф Фауна және флора Интернешнл «Алтын Дала» табиғатты қорғау инициативіне қосылды

Александр Есипов Өзбекстанда «Сайгачий» қорықшасы қайта ұйымдастырылды

Кривошеева Алёна Ерекше қорғалатын табиғи территорияларды (ООПТ) Басқару тиімділігін арттыру және браконьерлікпен күресу шараларын күшейтеу

Путилин Александр Үстіртте ақбөкендердің кедергісіз қоныс аударуы болуы керек!

Айгуль Айтбаева, Евгения Самтанова және Рори МакКенн «Фреска-2016»-ның Ресейге сапары орындалды!

Наталья Шивалдова, Мухит Суттибаев, Айгуль Айтбаева, Буяна Чимеддорж Ақбөкен күні Ресей, Өзбекстан, Қазақстан және Моңғолияның алыс аудандарынан адамдарды біріктерді

Алёна Кривошеева, Наталья Шивалдова Экологиялық лагерлер: табиғат қорғау ісіне балаларды тартуды күшейтеу

Прессалардан

Қазақстанда ақбөкендерді заңсыз атқандарға 20 қылмыстық іс қозғалды

Ферғанада (Өзбекстан) ақбөкендердің мүйіздері мен терілерінің ірі партиясы ұсталды

Қытайда ақбөкен мүйіздерінің үлкен партиясы конфискіленді

Мақалалар

Буяна Чимеддорж және басқалар. Батыс Моңғолияда ақбөкендердің таралуы мен қоныс аударуына антропогендік факторлардың әсері

Штеффен Цутер, Альберт Салемгареев Қазақстанда 2016 ж. ақбөкендерге жүргізілген авиасанақтың нәтижелері

Владимир Калмыков, Мария Воронцова Көктемгі эрекеттенушілік - «Степной» қорықшасы

Соня Данда және басқалар «Сайгачий» қорықшасына мүдделі адамдардың қатынастарын бағалау

Хабарландыру

Қоныс аударатын түрлер конвенциясы (CMS) қаржыландыратын кіші гранттар программалары мен жабайы табиғатты сақтау ұйымы (WCN) қаржыландыратын табиғатты қорғау саласындағы жас мамандарға арналған программалар жеңімпаздары

Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі

Владимир Калмыков, Ресей

Біздің жоғалтқандарымыз

Николай Ткачев.

Мария Карлштеттер

Редакция алқасы. Ұлыбритания: проф. Э.Дж. Милнер-Гулланд [редактор-консультант], Империял колледж Лондон (e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk); Қазақстан: Ю. Грачев, проф. А. Бекенов, Зоология институты (teriologi@mail.ru), А. Кривошеева, АСБК (teriologi@mail.ru), А. Кривошеева, АСБК (alyona.krivosheyeva@acbk.kz); Қытай: Гуйхон Джан (guihongzhang@foxmail.com), Куйлонгский білім беру тренинг-центр & проф. Чжиган Цзян (zhigangjiang@vip.sina.com), Зоология институты АН ҚНР; Моңғолия: Б. Лхагвасурен (lkhagvazeer@gmail.com) және Б. Чимеддорж (chimeddorj@wwf.mn), WWF-Моңғолия; Ресей: А. Луцкекина, Экология және эволюция проблемасы институты (saigak@hotmail.com) және Ю. Арылов, Қалмақия Республикасы жабайы жануарлар орталығы (saiga-center@mail.ru); Өзбекстан: Е. Быкова [жауапты (редактор)] және А. Есипов, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің генофонд институты (esipov@xnet.uz), дизайн А. Ганиева (Alfiya_71@mail.ru).

Бұл басылымды онлайннан алуға болады: www.saiga-conservation.com, <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html> немесе сұраныш бойынша басылған данасын ағылшын, қазақ, қытай, моңғол, орыс және өзбек тілдерінде редакторлардан алуға болады.

Алты тілдердің бірінде жазылған материалдарыңызды бізге жіберуге болады. Оларды мына адреске: esipov@xnet.uz немесе редакторлардың біріне жіберуге болады. Бюллетень жылына екі рет шығады. Авторлар үшін ағылшын және орыс тілдеріндегі ережені табуға болады www.saiga-conservation.com, немесе сұраныш бойынша редакторлардан алуға болады. Егерде сіздерде сұрақтар түсе, өз елдеріңіздегі Saiga News редакторымен байланысыңыздар немесе жауапты редактормен - Елена Быковамен (esipov@xnet.uz)

Форум

Редакциядан: SN-20-те біз хабарлағанбыз, Ресей Федерациясының Қызыл кітабына ақбөкенді енгізу туралы шешім қабылданған болатын. Мұндай шешім қоғамда әртүрлі реакция тудырды. Бұл мәселе сирек кездесетін және жойылып кету қаупінде тұрған жануарлар, өсімдіктер, саңырауқұлақтар комиссиясының бюросында талқыланған, ал комиссияның сүтқоректілер жөніндегі эксперттер секциясының мәжілісінде Қызыл кітапқа тек Солтүстік-Батыс Прикаспий территориясында ғана мекендейтін ақбөкендер популяциясын енгізу туралы ұсыныс болды. Бірақ көпшілік дауыспен эксперттер Ресей Федерациясы Қызыл кітабына Ресей территориясында мекендейтін түр есебінде ақбөкенді енгізу туралы ұсыныс жасады. Соңғы шешім қабылданғанға дейін кең көлемде қоғамдық талдаулар regulation.gov.ru сайтта өтеді. Біз бүгін осы тақырыпқа арналған Вячеслав Гагариннің мақаласын жариялап отырмыз, сонымен бірге бұған «ерекше пікір» айтқан ресейлік мамандардың көзқарастары да берілген.

Ақбөкенді жерлеу ерте

Вячеслав Гагарин

Қолда жабайы жануарларды өсіру жөніндегі тәуелсіз эксперт, lab_z@mail.ru

Бірқатар мамандардың қолайлы бағаларына қарағанда, Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкен популяциясының саны тұрақты қалпында сақталуда; ал басқалардың, тәжірибесі шамалы мамандардың, қолайсыз бағалауы бойынша, оның саны үнемі қысқаруда. Біреуінде эксперттер келіседі – санының өсуі жоқ, және таяу уақытта ол байқалмайды. Ақбөкенді қызыл кітапқа енгізу керек пе немесе оған енгізудің қажеті жоқ па деген мәселе жөніндегі менің пікірім мынадай: бұл оны аңшылық рерурсы есебінде ғана емес, сонымен бірге түр есебінде жерлеудің сенімді әдісі. Ресей федерациясының қызыл кітабы қандай кітап екендігі ешкімге де құпия емес. Шындығында – бұл саны төмен және қысқарып бара жатқан түрлер үшін хоспис. Оған қандай-да бір түрді енгізу кіргізілсе болды, оған сенімде түрде крест қоюға болады. Өзіңе сұрақ қойшы – Қызыл кітапқа кірген түрлердің жалпы санынан олардың қаншасының саны тұрақты өсті? Қалыпына келген қанша түрлер Қызыл кітаптан шығарылды?

Бұл сұрақтарға жауапты бәрі біледі. Ресейде Қызыл кітапқа енген түрлерді қорғауға бөлінген қаржы аңшылық ресурстарға бөлінген қаржыдан әлде қайда төмен, ал

кейде жалпы жоқтың қасы. Сонымен бірге, елде қызыл кітаптағы түрлерді қорғау мен сандарын қалпына келтіру жауапкершілік тіпті жоқ. Деседе, егерде мұндай құрылым табиғат қорғау министрлігінде болса, оның қызметінің нәтижелерін қоғамдық ұйымдар ешнәрсе білмейді.

Ал, кім ақбөкенді қызыл кітапқа кіргізу туралы қатты айтады: Алдымен, WWF және IFAW сияқты табиғат қорғау фондылары; олар ақбөкенді қызыл кітапқа енгізу оны қорғау мен өсіру процесіне жағымсыз әсер ететіндігін біле тұра, белсенді түрде оны қолдайды.

Сондай-ақ табиғат қорғау ұйымдардың түрлі-түрлі чиновниктері ұйықтап, түстерінде ақбөкенді қызыл кітапта көреді; олар аңшылық жануарлардың популяцияларын тиімді басқарумен және пайдалану жөніндегі тікелей міндеттерін орындауға қабілетсіз. Ақбөкенді қызыл кітапқа енгізу оларға өте қолайлы – «Біз бізге байланыстының бәрін жасадық», – дейді олар және қолдарын жуады.

2013 ж. заң № 150-ФЗ қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін РФ-ның қызыл кітабына енген аса бағалы жабайы жануарлар мен судағы биологиялық ресурстардың

Форум (кеңейтім)

және (немесе) халықаралық келісімдер бойынша қорғауға жататын жануарлардың тізімі бекіген. Бұл тізімге ақбөкенде кірген. РФ-сының қылмыстық кодексіне енді жаңа қосымша статьялар енгізілген: ст. 258.1 «РФ қызыл кітабына енгізілген ерекше бағалы жабайы жануарлар мен судағы биологиялық ресурстарды және (немесе) РФ-дың халықаралық келісімдері бойынша қорғалатындарды заңсыз аулау және олардың айналымы» және ст. 226.1 «Контрабанда... ..немесе ерекше бағалы жабайы жануарлар мен судағы биологиялық ресурстар». Ақбөкен аңшылық ресурстарға жатады және РФ қызыл кітабына енгізілмеген, бірақ СИТЕС қорғайды, ал бұл деген, ол заң бойынша басқа да Қызыл кітапқа енген жануарлар сияқты қорғалады.

Сондықтанда ақбөкенді қызылкітаптық хосписке жіберу ертерек – оған тағы интенсивті терапия көрсетілген!

Ақбөкеннің санын қалпына келу мен тұрақтандыру үшін қандай күттірмейтін шаралар қолдану керектігін маман-охотоведтер жақсы біледі. Алдымен, түсіну қажет, ақбөкенді сақтау қазірде бүтіндей Үкіметтің және территориясында ақбөкен мекедейтін РФ-ның субъектілерінің қолында, әсіресе, бірінші кезекте, бұл Қалмақия Республикасы. Республика басшылары ақбөкенді бас ауруы немесе саясы инструмент деп қабылдамауы керек, керісінше ауылдық территориялардың экономикалық өсуі үшін қажетті мүмкіндік. Әрі тұрақты табиғатты пайдалану деп ойлаулары керек. Ақбөкен аңшылық жануарлар арасындағы ең жақсы зерттелген түр болып саналады, соған сәйкес саяси көңіл бөлу мен тұрақты жеткілікті қаржыландыру болса, ақбөкен санын қалпына келтіру – бұл жай ғана уақыт мәселесі.

Эксперттердің түсінік беруі

Алексей Леонидович Вайсман, ФГБУ “Центрохотконтроль” директорының орынбасары

В. Гагарин мақаласында Қызыл кітапқа қатысты, осы сияқты, бәрі дұрыс баяндалған, және мен оның әрбір сөзіне қол қоюға дайынмын. Сирек кездесетін түрлер Комиссиясы бюросының мүшесі және Қызыл кітаптағы сүтқоректілер секциясының мүшесі ретінде мен Қызыл кітаптың жалпы түкке тұрғысыздық жағын жақсы түсінемін; түрлерді сақтау үшін инструмент ретінде. Бірақ, мен бұл түрді Қызыл кітапқа енгізуге дауыс бердім. Қазірде Солтүстік-батыс Прикаспий территориясында мекендейтін ақбөкенді тек қана жеке түр программасы ғана құтқара алады. Және бұл программа федеральдық болуы қажет, бұл өте маңызды, өйткені мынаны есепке алсақ,

мысалы, «Қалмақтардың табиғи мұрасы» деп ақбөкенді санайтын Қалмақия Республикасының Үкіметі өздері ешнәрсе істемейтін болады. УЦК РФ-ның 258.1 статьясында ақбөкенді заңсыз аулауға тіпті қатаң жаза көрсетілген, айналым, сату және оның өнімдерін өткізу және сақтау. Бірақ ақбөкендерді қанша аулағысы келсек, сонша аулап жатыр, ақбөкен мүйіздерін сату туралы хабарландыру Қалмақияның барлық дуалдарына ілінген. Біреулерді ұстаған ба? Іс жүзінде жоқ! Екі мүйіздің бағасы Республиканың сельхозсекторындағы орташа зарплат мөлшерімен тең деуге болады. Қандай мотоциклы бар малшы тұра алады, егер оның жанынан зарплата жүгіріп бара жатса?

Сонымен, ақбөкенді сақтау үшін Федеральдық программа қажет және ақша

керек, үлкен қаржы қажет, сол арқылы федеральдық орталықтан басқарылатын болады. Ал, ол үшін ақбөкеннің Федеральдық статусы болуы керек, яғни Қызыл кітапқа енгізген болуы қажет.

.....

**Мария Николаевна Воронцова,
Халықаралық табиғат қорғау
фондысы IFAW-тың Ресейлік
бөлімшесінің директоры**

Ресей Федерациясының Қызыл кітабы (ККРФ) – сирек және жойылып кету қаупі бар түрлерді, сондай-ақ бірқатар тұртармақтары мен жергілікті популяцияларды анықтау мақсатында құрылған негізгі мемлекеттік документ болып саналады. Ол зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін қажет және бұл түрлердің күйлері мен олардың мекендейтін қоныстарымен танысу үшін, оларды сақтап қалу шараларын анықтау мен жүзеге асыру үшін қажет. Бүгінде Ресейде жануарларды қорғау үшін атқайылып жатқан жұмыстар өте аз, елде браконьерлік етек алған, бірақ әкімшілік реформалар жүргізу нәтижесінде жануарларды қорғау системасы тіпті ақсап қалған, оған сирек кездесетін түрлерде кіреді. Бірақ, оған қарамастан, Қызыл кітаптың арқасында, Ресейде оған жұртшылықтың сондай-ақ шешімдер қабылдайтын жеке тұлғалардың көңіл аударуын, сонымен бірге, оған сәйкес, қорғау мен реинтродукцияға және т.б. жөніндегі мемлекеттік пограмманы жүзеге алыруға қаржы бөлу керектігі назарда болды; сонымен бірге жолбарыс, сұр кит, қара дегелек, дзерен сияқты түрлерді толық жойылып кетуден сақтау шараларын іске асыру естен шығармау қажет. Қызыл кітап, былайша алғанда, заттың дұрыс шындық жағдайын баяндайды, адамның ұнатқанын емес. Ресей Федерациясының Қызыл кітабына кіргізгеннен кейін ақбөкен РФ субъектілер арасындағы жанжалдың

объектісі болмайды; мұны соңғы жылдары байқауға болады, ал әртүрлі деңгейдегі табиғат қорғау структураларын біріктіру – федеральдық, региональдық және муниципальдық. Бұл табиғат қорғау ортандары мен қоғамдық ұйымдарын әртүрлі табиғат қорғау шараларын орындауға тартуға мүмкіндік берер еді. Қызыл кітаптағы ақбөкен жағдайы үкіметтің федеральды органдарынан түрді қорғау, сақтау және қалыпына калтіру жөнінде жан-жақты программа жасауды талап етіп, оған едәуір қаражат көзін табу керектігін де ойластыру қажет және оның жұмсалыуына қатаң бақылау қоюда қажет. Міне сонда Қалмақия Республикасының басшылары ақбөкенді бас ауруы немесе саяси – экономикалық инструмент есебінде қабылдамайды. Келешекте ақбөкен (біздің жалпы көмегіміз арқасында) өзінің бұрынғы санын қалпына келтірген уақытта, оны ауылдар территориясын экономикалық өсіру үшін және ақбөкендер мекендейтін аудандарда табиғатты пайдалануға тұрақты көшудің тамаша мүмкіндігі туады деген В.Гагариннің пікірімен мен келісемін.

.....

**Сергей Николаевич Гашев, Тюмень
мемлекеттік университетінің
зоология және жануарлардың
эволюциондық экология
кафедрасының меңгерушісі**

Бір жағынан, Қызыл кітапқа түрді аз енгізіп, оны қорғау мен қалпына келтірудің қажетті шараларын анықтау екендігін В. Гагарин дұрыс көрсетіп отыр. Жиі (және көп түрлер үшін) бұл тек түрді аулауға тиым салу жәе оның мекендейтін қоныстарын сақтаумен ғана шектеледі. Әрине, бұл жеткіліксіз! Қалпына санын келтіру шаралары қажет. Былайша айтқанда, бұл ақбөкенге-өте қажет. Ресей Федерациясының қызыл кітабы – федеральдық документ болып саналады, оның негізінде жергілікті

Форум (кеңейтім)

деңгейде немесе федеральдық деңгейде түрді қорғау мен қалпына келтіру шаралары жөнінде арнаулы программа дайындауға болады (мұнда аёбөкен амур жолбарысына немесе шығыс леопардына тең келеді), оны арнаулы бюджетпен қаржыландыру керек.

Бірақ автор барлық охотовед-мамандар не істеу керектігін біледі деп тезис көтерсе де ешқандай қажетті шараларды ұсынбайды, бірақ мұны ақбөкенді Ресей Федерациясының қызыл кітабына енгізгеннен кейін істеу мүмкін емес дейді. Тек аңшылар ғана қандай шаралар қолдана алады? Осы логикаға сүйенсек, кезкелген сирек түрді қорғау, егерде ол аңшылық түрге жатпаса, оны мәжбүр ету болып табылады. Сонда Қызыл кітаптың тиімсіз себептері неде? В. Гагарин бір

жауап береді – кәсіптік жолмен ауланатын түрлерге қарағанда қызыл кітапқа енген түрлерге ақшаны аз бөледі. Соңдықтанда мұнымен күресу керек, егерде оған дәлелдер бар болса. Еріксіз ойға түседі М. Жванецкийдің фразасы: «Нені қорғасаң, саны иеленесің»...



***Владимир Георгиевич Кревер,
жабайы табиғаттың дүние жүзілік
фондысының биоәртүрлілігін сақтау
программасының директоры***

Ақбөкен жеткілікті жақсы зерттелген, соңғы онжылда оның санының адам айтқысыз төмдеп кетуінің себептері де белгілі: браконьерліктің өсуі, мекендейтін қоныстары көлемінің қысқаруы және тіршілік ететін ортаның нашарлап кетуі.



© Андрей Гилёвтікi

В. Гагариннің дәлелдерінің бірі – қызыл кітапқа ақбөкенді кіргізудің мақсатқа сәйкес еместігі, қаржы деңгейінің қысқару мүмкіндігі болып табылады; өйткені аңшылық шаруашылықтарына бөлінетін сүбвенция жоғары қызылкітаптық түрлерге бөлінетін қаржылармен салыстырғанда. Неге осы уақытқа дейін ақбөкен осындай жағдайға душар болды? Жауапты мақаладан табамыз: саясы еркіндік жоқ және қаржы жетіспейді. Автор қаржы бөлудің көзі ретінде әрине мемлекттік бюджетті санайды. Белгілі қаржымен және оған сәйкес пайдалануды бақылаумен қамтамасыз ету үшін саясы еркіндік қажет. Бірақ егерде біз саяси еркіндікке сенсек, онда Ресей Федерациясының қызыл кітабына енгізілген түр туралы жедел шаралар керектігін дәлелдеуіміз қажет, бұл қиын емес.

Соңғы уақытта РФ басшылары ең жоғары деңгейде сирек кездесетін түрлерді сақтау жөнінде қызығушылық білдіруде. Алдымен мұндай қызығушылық жолбарыс, леопард, ақ аю, барыс, ақ тырна және т.б. белгілі түрлерге бөлінеді, бірақ, сенім бар, сондай көңіл басқа да сирек түрлерге де бөлінеді деген.

Біз қызыл кітапты тым қиын жағдайда қалған түрлерді сақтау мен қалпына келдірудің ұтымды механизмі деп қарамаймыз. Бірақ бұл постулатты жүзеге асыру үшін Ресей Федерациясының Қызыл кітабына енгізілген түрлерді сақтаудың бірқатар шараларын жүзеге асыру қажет. Алғашқы шара биыл жүзеге асқан: қызыл кітапқа енген түрлерді сирек кездесу дәрежесіне қарай басты приоритеттері енгізілген; дәрежесіне және бірінші кезекте қолданылатын шаралар анықталған. Қызыл

кітапқа ақбөкенді кіргізу – оны сақтаудың стратегиясы мен орындалатын жоспарды бекітудің негізі болып табылады; қолданып жүрген заңдарға сәйкес Минприрода жағынан керекті көлемде қамтамасыз етілетін қаржыны қоса есептегенде.

Контрабандалық үшін қылмыстық жауапкершілікті (статья 2261 РФ қылмыстақ кодексы), заңсыз аулау мен жабайы жануарлардың ерекше бағалы түрлерін айналымға түсіру (статья 2591 РФ қылмыстық кодексы) сияқтыларды заңдылыққа енгізу браконьерлікті шектеудің қосымша рычагы болып табылады. Бірақ барлық ведомстваларда инспекторлардың қызметтерінсіз бұл мүмкіндіктердің орындалуы мүмкін емес. Ақбөкенді Ресей Федерациясының қызыл кітабына кіргізу – ақбөкен құны нормасының өсумен қоса жүреді түрді, заңсыз аулаумен және оның мекендейтін қоныстарын жоюмен байланысты шығындарды есептеу кезінде пайдаланылады. Бұл айтылған барлық шаралар потенциалды браконьердің атып өлтірген ақбөкен оған қаншаға тұратындығын есептеп көруге арналған.

Бастысы, атап өту керек – бұл қазірде осы ресурспен кім басқаратында емес – аңшылар ма немесе табиғат қорғаушылары ма, біздің елдің фаунасында ақбөкенді қалай сақтауға болатындығында, сақтап, қайтадан табиғи қалпына келетін ресурстар қатарына қосу, адамдар пайдаланатын болады, атап айтамыз – ақылды пайдалану. Еске саламыз, аңшылықты пайдаланатындардың міндеті – өздерінің территорияларында сирек түрлерді сақтау болып табылады. Міне осылай біз айтамыз?

Жаңалықтар

Ақбөкендердің жаппай қырылуын зерттеген ғалымдардың халықаралық группасынан соңғы жаңалықтар

Карлин Самуэль, ақбөкенді сақтау Альянсы, mail@saiga-conservation.com



© Сергей Хоменконікі

2015 ж. мамыр айында апаттан ақбөкендер жаппай қырылған жерлерден алынған пробларға одан әрі анализ жасау барысында, бірнеше лабораторияларда бактерия *Pasteurella multocida* табылған, ол геморрагикалық септицемияның шығуына, әрі жануарлардың жаппай өлуіне себеп болған. Жақында жүргізілген гистопатологиялық анализ диагноздың дұрыстығын көрсетті. Басқа да инфекцияны қоздырушыларды, мысалы, вирустарды, жаңа диагностикалық методтар көмегімен іздеу табысты болмады және барлық жағдайда *Pasteurella* туғызған тұрақты инфекция тіркелген.

Сонымен, қандайда бір құпия инфекция геморрагикалық септицемиядан ақбөкендер апатты жаппай өлім-жітімге ұшырады деуге негіз жоқ (күмәнді).

Күттеген факт табылды: геморрагикалық септимедиясын *Pasteurella* бактериясының арнаулы бір түрі тудырған десек және ертеде экосистемалардың жайлауларында жабайы және үй жануарларының өлім-жітімдерге ұшырауына себеп

болған, жануарлардың зақымданған группалар арасында өлім-жітімге ұшырау деңгейі ешуақытта 100%-ке жетпеген, ақбөкендердегідей. Бұл өткен жылдардағы трагедияны уникальды және теңдессіз биологиялық құбылыс ретінде қабылдау деп түсінген орынды. Сонымен, қазіргі кезде жалғаспалы және ілеспелі факторларды іздестіру мақсатында интенсивті зерттеулер жүргізілуде, сондай-ақ экологиялық факторларға көңіл бөлу керек, өйткені олар оқиғалардың ерекше дамуын түсіндіруге себепші болады.

Қазақстанда ақбөкендердің жаппай қырылуы-жойылу қаупінде тұрған жануарларды басқа да нақты және көңіл қоятын қауіптерден қорғау проблемасының маңызды екендігін жоққа шығарды. Өздерінің 90% особтарын жоғалтқан бетпақдала популяциясының жағдайы мүшкіл. Ақбөкенді сақтау Альянсынан Э. Дж. Милнер-Гулланд былай дейді: «Жалғасып келе жатқан активті браконьерлік тағы да санының азаюына үлкен әсер етеді, әсіресе текелеріне, өйткені олардың мүйіздері дәстүрлі қытай медицинасында препараттар жасау үшін таптармайтын бағалы шикізаттар болып есептеледі; олар бірқатар Азия елдерінде сұранысқа ие». Қазақстанның орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі комитетінің соңғы мәліметіне қарағанда, браконьерлік жасау 2015 ж. (2015 ж. - 107, ал 2014 ж. – 79 оқиға тіркелді) жиіленді.

Қазірде ғалымдар 2015 ж. мамырында үлкен мөлшерде жаппай өлімге жануарларды ұшыратқан бактерия *Pasteurella*-ның фатальды көбеюі үшін қолайлы жағдайлар қалай туғанын түсіндіруге тырысады; былай алғанда,

әдетте бұл бактерия организмге ешқандай зиян келтірмей, ақбөкендердің тыныс алу жолында өмір сүреді. Әртүрлі өсімдіктер өскен үлкен территорияда жануарлардың біруақытта өлгенін ескерсек, бастанақ қоршаған ортаға түскен улы заттармен немесе улы өсімдіктерден уланды деу күмәнді. Лабораториялық анализдердің соңғы мәліметтеріне қарағанда, жануарлардың ешқандай іздері байқалған жоқ, мысалы, балдырлардың токсинімен немесе саңырауқұлақтармен, ауыр металдармен немесе ракета отыны гептилмен; ал барлық патологиялық құбылыстар септицияның тез дамуымен болған және бактериальдық – токсикалық естен тану болған. Сондай-ақ өлім болған аудандардан алынған су және топырақ анализдерінде қоршаған орта үшін зиянды ешқандай токиндер байқалған жоқ.

Сондықтанда, биыл мамыр айында өткен экспедиция кезінде зерттеулер алдымен ақбөкендер популяциялары арасында бактерияның апаттық таралуы

үшін қолайлы жағдайлар тудыратын факторларды анықтау болды. Бұл факторлар мыналар: ауа райы, топырақ пен азық базасының күйі, өсімдіктер, топырақ құрамына артық судың әсері, жайлаудағы бактериялар саны және ақбөкендердің жаппай қырылуының әртүрлі участкілерінде бірдей әсер ететін басқа да факторлар. Әсіресе, 2015 ж. ақбөкендер жаппай қырылған аудандардың осы сияқты өткен жылдардан (жануарлар өлмеген жылдар) айырылмашылығын анықтау өте маңызды болды.

Барлық жұмыстар Лондон университеті жанындағы Королевиялық Ветеринарлық Колледж басқарған халықаралық зерттеу проектісі төңірегінде өткізіліп келеді, оған Қазақстанның биологиялық қауіпсіздігі проблемасы ғылыми зерттеу Институты және биоәртүрлілікті сақтау қазақстандық ассоциациясы (АСБК) қатысады, сондай-ақ бірқатар халықаралық ұйымдар, мысалы, Оксфорд университеті, Бристоль университеті, Умеадағы (Швеция) ауыл



© Андрей Гилёвтікi

Жаңалықтар (кеңейтім)

шаруашылық университеті және ООН-ның азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйылы қатысады. Көмекті Ұлыбритания үкіметі жанындағы Қоршаған ортаны зерттеудің ұлттық Советі көрсетеді. Қосымша көмекті ақбөкенді сақтау Альянсы, Жабайы табиғатты сақтау Сеті (Wildlife Conservation Network), жойылып бара жатқан түрлердің халықтық фондысы (PTES), фауна және флора Интернешнл (Fauna & Flora International) көрсетеді. Сонымен бірге АСБК халықаралық партнерлармен бірге (Франкфурттық зоологиялық қоғам, құстарды қорғаудың королевалық қоғаы, флора және фауна Интернешнл) табиғат қорғау инициативісі «Алтын Дала» проектісін жүзеге асыруда (ПИАД).

Ақбөкендердің бетпақдала популяциясын сақтаудағы жұмыстардың негізгі кезеңдерді, одан әрі қалпына келтіруге белгілі уақыт керек болады, браконьерлікпен күресуді жалғастыру керек. Қазақстан үкіметі, басқа елдердің министрствалары және ұйымдарымен бірлесе отырап, ақбөкенді сақтауға бағытталған шаралардың тізімін жасады, олардың бірқатары биылғы жылы жүзеге аспақшы. Жұмысқа биологиялық қауіпсіздік проблемасы ғылыми - зерттеу институты және АСБК қатысты. Бұл халықаралық зерттеу жұмыстарымен Қазақстан үкіметінің әрекеттері байланыстарын нығайтуға әсер етті, жануарларды сақтауға бағытталған.

Жұмыс барысында, сонымен бірге, келешекте жануарлардың мұндай жаппай өлуін болдырмас ету шаралары да қаралды. Бұл туралы Королевалық Ветериналық колледжінің проф. Ричард Кок бұл туралы былай дейді: «Бұл түрдің мінез-құлық ерекшеліктерін және бұл жануарларда вакцинация механизмінің жоқтығын ескерсек, ақбөкендерде практика жүзінде геморрагикалық септицемияға пофилактика жүргізу мүмкін емес. Ақбөкендердің



© Сергей Хоменконікі

стрессадан өлу мүмкіндігі, оларға ауадан вакцинаны тозаңдату жолымен вакцинация жасау немесе қалайда бір басқа әдістермен, аурудың өзімен өлумен тең деуге болады. Тек өршіту және ілеспелі факторларды анықтағаннан кейін ғана рұқсат етуге болатын араласу дәрежесін бағалауға болады».

Сонымен бірге, аурудың шығу себептерін зерттеуді жалғастыру, міндетті түрде, қалған популяцияны сақтау күшейтілген шараларды жүзеге асырумен бірге жүргізілуі керек.

Қазақстанда ақбөкендерді сақтау мәселелерін талдау жөніндегі семинар

Кривошеева Алёна, биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы, alyona.chukhatina@acbk.kz

2016 ж. 5-6 сәуірінде РОО «Биоәртүрлілікті сақтаудың қазақстандық ассоциациясы» генициативасымен МСХ РК орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі комитетінің қолдауымен Астана қаласында Қазақстанда ақбөкенді (*Saiga tatarica tatarica*) сақтау мәселесі туралы халықаралық жұмыс мәжілісі болды. Бұл кездесу «Алтын Дала» табиғат қорғау инициативасы шеңберінде өтті.

Мәжіліске ақбөкенді қорғау және зерттеумен айналысатын қазақстан және халықаралық эксперттер қатысты: МСХ РК орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі комитеті мен, РГКП «ПО «Охотзоопром», РГУ «Кинологиялық орталықтың» КГД МФ РК, РГП «Биологиялық қауіпсіздік проблемасы ғылыми-зерттеу институты» ғылым Комитеті МОН РК, мемлекеттік табиғи резерват «Алтын Дала», «Ырғыз-Торғай мемлекеттік резерваты», Франкфурт зоологиялық қоғамы (Германия), Құстарды қорғау Королевтік қоғамы (Ұлыбритания), Флора & Фауна Интернэшнл (Ұлыбритания), Королектік ветеринарлық кқлледжі (Ұлыбритания) өкілдері.

Мәжіліске қатысушылар Қазақстанда ақбөкендерді қорғау қызметтері мен мониторинг жүргізу мәселелерге арналған баяндамаларды тыңдады; түрді сақтаудағы қиындықтар мен проблемаларға тоқталды; ақбөкендер мүйіздерімен жасырын сауда жасаушыларымен күресу үшін үйретілген иттерді пайдалану тәжірбесі, Зимбабведе браконьерлікпен күресу тәжірбесі тыңдалды; жануарлар әлемін қорғаудағы шаралардың тиімділігін арттыру үшін SMART программасын пайдалану мүмкіндігі сөз болды; 2015 жылғы бетпақдала



Мәжіліске қатысушылар. Группалардағы жұмыс. © АСБК-нікі

популяциядан ақбөкендердің жаппай өлім – жітімге ұшырауды дала жағдайында және лабораторияқ зерттеулердің нәтижелері баяндалды.

Талдау кезінде жұмыс группаларында қатысушылар Қазақстанда ақбөкендерді қорғаудың қазіргі жағдайына баға берді, күшті және әлсіз жақтары аталып өтті. Аталған проблемалар мен кемшіліктер негізінде қатысушылар нақтылы шараларды ұсынды және жергілікті жерлерде ақбөкендерді қорғауды жақсарту қажеттілігі және браконьерлікпен күшейту керектігі де айтылды. Күн тәртібіне енгізілген барлық сұрақтар шешімдер қабылдайтын адамдар қатысуымен жоғары деңгейде, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи территориялар (ООПТ) өкілдерімен жергілікті деңгейде талқыланды. Жеке эксперттермен ақбөкендер ауруына байланысты мәселелер талқыланды, онда ақбөкендер популяцияларының денсаулықтары жайына тұрақты мониторинг жүргізу сияқты зерттеулерді одан әрі жалғастыру керектігі де әңгіме болды; қандарынан тұрақты пробалар алып тұру керек, аурудың алғашқы белгілері байқалса, оған дереу қимыл жасау қажет.

Жаңалықтар (кеңейтім)

Мәжіліс қортындысы бойынша резолюция қабылданды, онда 56 әртүрлі бағыттарды қамтитын 8 үлкен бөлім бар. Дәлірек айтқанда, резолюцияға келесі маңызды мәселелер енген:

- СИТЕС процедурасы бойынша тренингтер ұйымдастыруға әрекет жасау және кеден мен шекара қызметтері үшін методикалық әдістемелерді дайындау;

- Шекарада және ел ел ішінде ақбөкендер өнімдерін (дериваттар) анықтау үшін іздеуші иттерді пайдалану программасын кеңейту қажет;

- Әртүрлі проекттер төңірегінде жергілікті жұртшылық үшін кірістің альтернативті көздерін дамыту инициативтерін енгізу керек;

- Халықты хабарлас ету программасын кеңейту және тереңдету қажет және ауыл мектептерінде білім беру жұмыстарын өткізу керек (информацияның қазіргі мүмкіндіктерін пайдалану арқылы);

- ақбөкендер ауруы шыға қалған жағдайда тез хабарласудың Стандарттық оперативтік процедурасын (СОП) жетілдіру қажет және оларды өкілетті орган бекітуі керек;

- Төлдеу кезінде және ақбөкендерді аулау процесінде (жануарлардан қан алу кезінде) систематикалық эпизоотологиялық мониторинг өткізу қажет;

Мәжіліске қатысушылар. Группалардағы жұмыс. АСБК суреті.

Фауна және Флора Интернешнл «Алтын Дала» табиғат қорғау инициативіне қосылды

Бурченаф Луша, FFI, liesje.birchenough@fauna-flora.org

Ақбөкенге қатысты қауіптің масштабы мен характерін ескере отырып, әсіресе, 2015 ж. жануарлардың жаппай қырылуына әрі браконьерліктің жалғаса түсуіне байланысты 2016 ж. сәуір айында Астанада өткен мәжіліске қатысушылар Қазақстанның барлық территориясында түрді сақтау үшін комплексті және мақсатты жолдарды пайдалану керек деп шешті. Бізге тез арада республикада ақбөкендердің барлық популяцияларының тұрақтылығын қамтамасыз етуіміз және ландшафттық негізде тығыз трансшекаралық қызметтерді жолға қою қажет. Мәжіліске қатысушылар: Франкфурт зоологиялық қоғамы, құстарды қорғау Королевтік қоғамы, АСБК және Қазақстан Республикасы Үкіметі қазірде бірлесіп жұмыс істейді. Орталық Қазақстанда бетпақдала даласын сақтау үшін «Алтын Дала» табиғат қорғау инициативі (ПИАД)

шеңберінду. АСБК жүзеге асырып жатқан инициатива сондай табысты ақбөкенді сақтау проектісі болды және оның санын 2015 ж. жаппай қырылуға дейінгі деңгейге дейін өсіруге мүмкін болды. ПИАД фауна және флора Интернешнл (ФФИ) жүзеге асырып жатқан Үстірт инициативасымен көп параллельдері бар – бірдей проблемалары, амал-тәсілдері және партнерлік істері. Біз ландшафттыларды сақтау мақсатында тым тиімді және өзара пайдалы іс-әрекеттерді енгізу үшін екі инициативтың тығыз байланыста жұмыс істеу мүмкіндіктерін зерттедік. Соның нәтижесінде ПИАД оргкомитеті кездесуінде негізгі партнер ретінде ФФИ шақырылды, ал Үстірт қосымша негізгі ландшафт ретінде саналды. Сонымен бірге Орал регионын қосып алу арқылы Инициативтер қызметтер сферасын кеңейтуге шәшім қабылдады. Сонымен,

«Алтын Дала»-ны сақтау Инициативасы Қазақстанда ақбөкен мекендейтін үш регионды қамтиды (120 млн. га) және бұл түрдің үш популяцияларында қамтиді.

ПИАД-тың партнерлері Қазақстанда өте тиімді ақбөкенді сақтауға мұндай бірлескен қызметтер мен іс-әрекеттер өздерінің жемісін береді деп сенеді.

Өзбекстанда «Сайгачий» қорықшасын қайта ұйымдастыру

Александр Есипов, ақбөкенді сақтау Альянсы, esipov@xnet.uz

Өзбекстан Республикасының табиғатты қорғау мемлекеттік комитетінің (Госкомприроды) ұсынысы бойынша 2016 жылдың шілдесінде Министрлер кабинеті комплексті (ландшафтлық) «Сайгачий» қорықшасын ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады. Бұл шешім көптеген адамдардың ұйымдары мен ведомствалардың (Өзб. Рес. Госкомприроды, Өзб. Рес. Ғылым Академиясы, ГЭФ/ПРООН проектісі «Өзбекстанның мұнай-газ секторында биоәртүрлілікті сақтаудың интегральды принциптері», ақбөкенді сақтау Альянсы, халықаралық ұйымдар - Fauna and Flora International, Whitley Fund for Nature) еңбектерінің табысты аяқталуы; олар территорияны үйлесімді етуге және қорықша статусын анықтауға қатысты. Бұл оқиға Өзбекстанда қорғалатын территориялардың (ОПТ) дамытудың жаңа кезеңін (этап) ашты; ол Қарақалпақтық Үстірттың солтүстік бөлігінде биологиялық әртүрлілікті және уникальды ландшафттарды сақтауды қамтамасыз етеді, бірінші кезекте, мұнда ақбөкендер басын қалпына келтіру. Ландшафтылық қорықшаны ұйымдастыру сонымен бірге жергілікті тұрғындарға және табиғатты пайдаланушыларға табиғатты қорғау процесіне және табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану жұмыстарына белсенді түрде қатысуы керек.

Ландшафттық қорықша, 1991 жылдан бері жұмыс істеп келген қорықша негізінде ұйымдастырылды; ол «Қорғалатын

табиғи территория (ОПТ), тек қағазда ғана ұйымдастырылған» классикалық мысал. Қорықшаның ешуақытта жері және штаты жоқ, оның қызмет ету мерзімі бірнеше рет ұзартылды, бірақ әртүрлі себептермен ОПТ-тың бұл формасы тиімді емес екен және өзінің негізгі міндеттерін орындаған емес; әсіресе, ақбөкендердің төлдейтін қоныстарын қорғау проблемасын. Қайта ұйымдастырылғаннан кейін штат белгіленді, оған негізінен табиғатты қорғаудың мемлекеттік инспекторлары енді. Қорықша территориясын қорғауға оның положениясына сәйкес, сондай-ақ қоғамдық инспекторларда қатыса алады.

Территория өзінің конфигурациясын өзертті және Қазақстан мемлекеттік шекарасына тым жақындады және Үстірт қыратының шығыс чинктеріне жақын, сонымен бірге ол Үстірттық қарақалпақ бөлімінің ақбөкен мекендейтін қоныстарының ең жақсыларын қамтиды. Комплекстік қорықшаның территориясы (жалпы көлемі 628300 га), 5 негізгі участкілерден (қорықнаның ядролық



© Александр Есиповтікі


Жаңалықтар (кеңейтім)

зонасы) қорғаудың тым қатаң режимімен және оларды қоршаған қорғау зонасымен (219800 га) қамтылған. Бұл Өзбекстандағы ірі ерекше қорғалатын табиғи территория (ОПТ), оның территориясында Бруней мемлекеті немесе Люксембург оңай-ақ орналасуы мүмкін.

Ландшафттық қорықшаның үлкен бөлігі (шамамен 95%) Коңрат ауданы территориясында орналасқан. Қалғандары – Арал теңізіне жақын Мойнақ ауданының чинктік участкілерін қамтиды. Қорықша Өзбекстан Республикасының Госкомприродасына қарайды, оның офісі пос. Қарақалпақстанда орналасады. ГЭФ/ПРООН проектісінің қосқан ісі арқасында, арнаулы точкаларда вандалозащищенные металликалық вагончиктер орналасқан инспекторлардың кордондар үшін

пайдалану мақсатында және далалық база ретінде пайдалануға болады; сонымен қатар жылдам жүретін автомобилдер, экспедицияға қажетті құрал-жабдықтар мен жабдықтар сатылып алынған; информациялық шиттер дайындалған.

Қорықша туралы ережеге сәйкес, жер, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, басқа да табиғи объектілер және комплексты «ядерных» участкілер шаруашылық пайдаланудан алынады және табиғатты қорғау бағытындағы жерлер болып саналады. Комплексты ландшафттылық қорықшаға мынадай міндеттер жүктеледі: табиғи жағдайда барлық табиғи объектілерді және комплекстілерді сақтау; ғылыми зерттеулер жүргізуге және қоршаған ортаға мониторинг енгізуге көмектесу; табиғатты қорғау саласында





© Александр Есиповтікі

ғылыми кадрлар мен мамандарды дайындау; экологиялық ағарту. Қорықшадағы ғылыми-зерттеу жұмыстары көпжылдық стационарлық комплекстік зерттеулер негізінде Өзбекстан Ғылым Академиясының ғылыми-зерттеу институттарының, сонымен бірге басқа да ведомствалар мен жеке ғалымдар мен мамандардың, оның ішінде шетелдіктерде бар, атқаратын жұмыстары барысында жүзеге асырылады.

Қорықша участкілерінің шекаралары, қорғау зоналары, сондай-ақ басқа да объектілер жерлерінде информациондық щиттермен, кварталдық столблармен және басқада белгілермен анықталды.

Қорғалатын зоналар территориясында, қорықшамен келісімі бойынша, жалпы пайдалану жолдарымен жүру жүзеге асырылады; қорғалатын зонада орналасқан коммуникацияларда жөндеу жұмыстары жүргізіледі; экологиялық туризм, туристерге қызмет үйлер мен құрылыстар жүргізуге болады; геологиялық барлау жұмыстары жүргізіледі, мал жаюға болады. Қорғалатын зонада пайдалы қазбаларды өндіру шектеледі; газпроводтарды, басқа да коммуникацияларды, өнімдерді өңдеу объектілері және басқа да өндірістік объектілерді салу шектеледі; сонымен бірге жаға жолдар салу. Қорғалатын зонада тиым салынады: аң аулау және жануарларды ұстау, ядохимикаттарды қолдану.

Сонымен, Өзбекстанда «Сайгачий» қорықшасын мүлдем өзгерту жұмыстары табысты аяқталды; өзі аттас комплексті ландшафталық қорықша деп аталды, ол Үстірт қыратында уникальды табиғат комплекстерін территориялық қорғаудың активті механизмі болып табылады және оның негізгі мекендейтін – ақбөкенді қорғау жұмысында. Сондай-ақ Өзбекстанда қазірде жойылып кету қаупінде тұрған түрді сақтап қалуда бұл оқиғаның маңыздылығын бағалау қиын.



© Александр Есиповтікі

Жаңалықтар (кеңейтім)

Ерекше қорғалатын табиғи территорияларды (ООПТ) басқарудың тиімділігін арттыру және браконьерлікпен күресу шараларын күшейту

Кривошеева Алёна, Биоәртүрлілікті сақтаудың қазақстандық ассоциациясы, alyona.krivosheeva@acbk.kz

РОО «Биоәртүрлілікті сақтаудың қазақстандық ассоциациясының» (АСБК) халықаралық партнерлермен бірлесіп, «Алтын Дала» табиғат қорғау инициативасында (ПИАД) жүзеге асырылып жатқан басты бағыттарының бірі – ерекше қорғалатын табиғи территорияларды (ООПТ) тиімді басқару болып табылады, олар ПИАД-тың проектiлер сетiне кiредi, сонымен бiрге барлық қойылған мақсаттар мен мiндеттердi табысты жүзеге асыру үшiн ООПТ-ның потенциалын өсiру қажет. Тиiмдi менеджменттiң қажеттi инструментi-ООПТ-ны басқарудың бесжылдық жоспары.

Ақбөкендердiң бетпақдала популяциясының қоныс аударуы мен төлдейтiң жерлерiн қорғау мақсатында ұйымдастырылған мемлекеттiк табиғи резерват «Алтын Даланың» арнаулы бекiтiлген басқару жоспары жоқ, оны дайындау үшiн практикалық семинар өткiзуге шешiм қабылданды, ғылым бөлiмiнiң қызметкерлерi үшiн информация және мониторингке, сондай-ақ экологиялық ағарту бөлiмi мен туризм үшiн. Семинар 2016 жылдың 3-4 тамызында Қостанай облысының Амангельды поселкасында резерват базасында өттi. Оны АСБК мамандары МСХ РК орман шаруашылығы мен жануарлар әлемi комитетiнiң қолдауымен королевалық құстарды сақтау қоғамымен (RSPB) (ұлыбритания) бiрлесiп ұымдастырды. Семинар жұмысына шамамен 30 адам қатысты, олардың iшiнде орман шаруашылығы мен жануарлар әлемi комитетiнiң қызметкерлерi де болды, сондай-ақ үш ООПТ басқаруды дайындау және жоспарын енгiзу мамандары да



ООПТ басқару жоспарын дайындау семинарына қатысушылар. © АСБК-нікі

болды: «Алтын Дала» резерваты, «Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерваты және Қорғалжын қорығы.

Семинар барысында басқару жоспарын дайындаудағы теориялық аспектілер қаралды, әрбір ООПТ-ның негізгі ерекшеліктерін анықтау мәселесі талданды, қауіпке талдау жасау, сонымен бірге басқарманың нақты міндеттерін алға қою, ұзақмерзімді мақсаттарын анықтау және т.б. мәселелері сөз болды. Бір мезгілде «Алтын Дала» (ГПР) Резерватының қазігі (бірақ бекітілмеген) жоспары жан-жақты талдаудан өтті. АСБК мамандары сонымен бірге мемлекеттік инспекторлар мен ғылым бөлiмiнiң қызметкерлерi үшiн GPS-навигаторларды пайдалану жөнiнде арнаулы сабақтар өткiздi; онда мониторингтық информацияларды жинау әрi оларды мәліметтер базасына енгiзу жолдары сөз болды, ол соңғы жылдары жақсарған және жетiлдiрiлген.

2016 ж. АСБК мен ақбөкенді сақтау Альянсының бiрлескен проектiсi браконьерлермен күресу жөнiндегi қаржының қолдауымсы «Алтын Дала» табиғи резерваты территориясында және

«Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерватта жүзеге асты. Осы проектiнiң шеңберiнде фото-видекамеалар, ноутбуктар, биноклдер, GPS-навигаторлар, палаткелер, спальные мешкилер сатып алынған. Барлығы 92-дей құрал-жабдықтар сатылып алынған, олардың 43 - «Алтын Дала» резерваты үшін болса, ал 49 - «Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерваты үшін. Келешекте бұл жабдықтарды пайдаланудың тиімділігіне тұрақты бақылау және мониторинг жүргізу жоспарланып отыр. Проекті жабайы табиғатты сақтау Сетінің қаржылай көмегі арқысында жүзеге асуда, 2015 ж. жаппай қырылудан кейін ақбөкенді сақтауды



«Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерваты қызметкеріне далалық құрал-жабдықтарды тапсыру. © АСБК-нікі

қолдау жасау үшін қаржы жинау жөніндегі хабарландырудан кейін.

Үстіртте ақбөкендердің кедергісіз қоныс аударуы болуы керек!

Путилин Александр, Биоәртүрлілікті сақтаудың қазақстандық ассоциациясы, aleksandr.putilin@acbk.kz

2011 жылдың күзінен бастап, Қазақстан, Өзбекстан мен Түркменстан шекарасында биіктігі шамамен 1,7 м инженерлік құрылысты салу бастаған, 8 қатарлы тікенек сымдардан тұратын. 2012 жылдың аяғында бұл жұмыс бітті. Ұзындығы шамамен 150 км шекаралық дуал ақбөкендердің Үстірт популяциясы ареалы арқылы өтеді; бұл олардың санының тым кемінуіне үлкен қобалжулар тударады. Үстірт ақбөкендері өздерінің тіршілігінің көбін Қазақстан территориясында өткізеді, бірақ қыста Өзбекстанға қоныс аударады, екі елдің шекарасынан өтеді. Шекарада дуалдың болуы ақбөкендердің қыстайтын жеріне жетуді қиындатады, бұл Үстірт қыратында оның ареалының қысқару қаупін тудырады. Қысқы уақытта ақбөкендер шекаралық дуалдан өте алмағандықтан (жаз шыққанға дейін солтүстікке қайтуға тиісті), олар тіршілік етуіне қолайсыз қоныстарда қалуына тура келеді, онда азық қоры жеткіліксіз, бұл бір жағынан жануарларлардың арықтап кетуіне және

жануарлардың өлімдерінің жиілеуіне әкеп соғады, соған сәйкес популяция санының қысқаруына себеп болады. Қыста аштықтан олардың өлуіне соқтырады, көктеліде, ауа температурасының төмен болуынан олар солтүстіктегі жақсы жайылымдарға жете алмайды.

Пайда болған қауіпті ситуация жағдайында, 2013 жылы Франкфурттың зоологиялық қоғамының, Фауна және Флора Интернешнлдың, сонымен бірге жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтау конвенциясының қолдауымен ақбөкендердің қоныс аударуына әсер ететін дуал жағдайын жеңілдету жөнінде рекомендация дайындалған болатын (<http://www.cms.int/en/publication/saiga-crossing-options>). Отчетта қоршаудың конструкциясын өзгерту ұсынылған, ал, дәлірек айтқанда сымдардың төменгі қатарын алып тастау ұсынылған, бұл жануарлардың кедергі арқылы еркін жүруіне мүмкіндік туар еді.

Жаңалықтар (кеңейтім)



РОО «АСБК» жағынан осы рекомендацияны орындау туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіз комитетінің шекаралық службасына (КНБ РК) арнаулы сауал жіберген. Оған комитеттің шекаралық службасы былай деп жауап берді: сымдардың төменгі үш ниттері ақбөкендер мекендейтін ауданда екі столбылар арасында әрбір шақырымнан кейін алынып тасталатынын айтты, бұл жануарлардың еркін өтуіне мүмкіндіктер туғызады.

Ақбөкендер үшін өткелдер ұйымдастыру туралы рекомендацияның орындалуын тексеру мақсатымен әрі нақты информация алу үшін 2016 ж. 19-21 маусымында Қазақстан мен Өзбекстан шекарасында тікенек сымдардан жасалған дуалды визуальды қарау жүзеге асты. Оған

баруды «Алтын Дала» табиғат қорғау инициативасы шеңберінде РОО «АСБК» ұйымдастырды РГКП «ПО «Охотзоопром» және КНБ РК шекаралық службасымен бірлесіп.

Шекараны қарау маршруты Қазақстандық шекараның батыс жағынан басталды – Ақтөбе облысынан және Арал теңізі ауданында аяқталды. Шекаралық участкіні визуальды қарау барысында шекаралық служба өзіне алған міндеттерді толық көлемде орындағаны байқалды және ақбөкендердің қоныс аударуы үшін өткелдерді ашты. Ақбөкендер өтетін өткелдердің жалпы саны - 125. Сонымен бірге, ұзындығы 11 шақырымдай болатын бір учасдеде сымдардың төменгі ниттері тіпті жоқ (Сурет).

Ақбөкендер Үстірт популяциясының кедергісіз қоныс аудару мүмкіндігі екі елде де браконьерлікпен күресудің шараларын күшейтумен тығыз байланысты. Әсіресе, бұл дала антилопасының қоныс аудару кезеңіне қатысты; міне осы уақытта стаданың үлкен тобы бір жерге топтасады, олар браконьерлердің оңай олжалары болуы мүмкін, сол үшін миграциондық процестің мониторингісі мен ақбөкендер қорғау үшін шекараның екі жағында да барлық мүмкіндіктерді күшейтуге күш салу қажет.



Забор (дуал) конструкциясындағы өзгерістер: а – мемлекеттік шекараның ұзындығы 150 км участкісі; б – 11км өткелде.
© Александр Путилиндікі

Ресей миссиясы «Фреска-2016» орындалды!

Евгения Самтанова және Айгуль Айтбаева, Е.К.Хаглышева атындағы Яшкульдың көппрофильды гимназиясы, aigul-0889@mail.ru

Май айындағы мейрамдар алдында Қалмақия Республикасының астанасы Элистадан 90 км қашықтақта орналасқан Яшкуль поселкасында Е. К. Хаглышева атындағы Яшкульдің көппрофильды гимназия базасында дала табиғатына арналған фресканың салтанатты ашылуы болды. Ақбөкенді қорғаудың насихаттаудың бұл жаңа тәсілі бірінші рет Өзбекстан мен Қазақстанда 2014-2015 жж. Қолданған болатын. Биылғы жылы, ақбөкенді сақтау Альянсы коллегелары мен проф. Ю. Н. Арыловтың қолдауымен, бұл идеяны Яшкуль гимназиясында жүзеге асыруға туа келді. Міне осында Ресейдің еңбек сіңірген мұғалімі Е. А. Самтанованың басшылығымен «Тірі мұра» атты балалардың экологиялық клубы табысты жұмыс істейді. Тамаша фресканың авторы англияның суретшісі – анимаст Рори МакКенн, ол, негізінен, қабырғаға суреттер салудың ірі масштабты проектiлермен жұмыс істейді. Оның фрескаларын Сейшель аралдарынан, Австралиядан, Оманнан және Жапониядан көруге болады. Проектiнің идеясы мұғалмдердің, балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен ғимараттар қабырғалаына сылағы кеппей турғанда суреттер салу арқылы ақбөкенге деген көзқарасты өзгерту болап табылады. Проектiні ақбөкенді сақтау Альянсы, жабайы табиғатты сақтау Сеті (WCN) және WWF – Ресей қолдаған.

2016 ж. 18 сәуір күні таңертеңнен бастап-ақ Яшкуль поселкасының тұрғындары Қалмақия жеріне англиялық суретші-анималист Рори МакКенна келуін шыдамсыздана күтті. Бұл оқиға Яшкуль ауданының басшысы Хаглышевке соқпай өткен жоқ; ол Рориді құтықтай отырып, бұл проектiнің үлкен маңызы бар екендігін атап өтті; оның туған табиғатқа деген қарым-қатынасты жақсартуға әсер

ететіндігі сөзсіз, және ақбөкенді сақтауға ролі зор екендігін сөзге тиек етті, әсіресе, балалар ғана емес дала республикасының барлық тұрғындарына.

Роридің келуіне арналған салтанатты линейкада оны гимназияның оқушылары мен барлық педагогикалық состав құттықтады, сондай-ақ оны құрыметтеу белгісі ретінде, қалмықтардың дәстүрі

Жаңалықтар (кеңейтім)

бойынша, оған ақ хадак (жібек шарф) тапсырылды. Кездесу достық әңгімемен жалғасты, онда Рори өзі әрі семьясы туралы айтты; және дүние жүзінің әртүрлі елдерінде орындалған көптеген проектилер туралы әңгіме етті. Гимназияның оқушылары өздері жағынан Рориге экологиялық білім алу саласында жетістіктері туралы айтты. Стенаға сурет салу проектисі 12 күнге созылды және оны жүзеге асыруға әртүрлі класс оқушылары қатысты – «Дала антилопасы» суреттерінің конкурсында жеңгендер, суретшінің келгенге дейін бір ай шамасында гимназияда өткен конкурс. Роридің әрбір үзілісінде, оны көптеген балалар қоршап алды, олар зерсала оның дала жануарларды мен өсімдіктер бейнелерін сондай әдемі және тыңғылықты етіп салғандарын бақылады. Бірқатар тілдер қиындықтарына қарамастан, балалар Рориге көптеген сұрақтар қойды, ол болған елдердің фаунасы мен флораларын көп білгілері келіп. Қабырғаға салынған

суреттерді көруге Яшкуль поселкасының тұрғандары да келді; қуанышпен Рориге әртүрлі сыйлықтар берді. Мысалы, Гаряевтын семьясы Рориге белгілі қалмақ суретшісі Паваевтың картинасын және оның кітабың, ал Нохаев - Насакаевтер семьясы дәстүрлі қалмақ узорымен безендірілген ұлттық қалмақ ойыны мен пиала сыйлады.

Сурет салу конкурсына қатысқан 60 балалар үшін Рори бейнелеу өнерінің сабақтарын жүргізді, онда жануарлар суреттерін салуға үйренді және үлгіні (трафарет) пайдалану арқылы открыткалар жасауды үйренді. Кіші жастағы мектеп оқушылары үшін мастер-класс өткізу өте ұнады. Балалар үлкен қызығушылықпен Роридің өсиеттерін тыңдады және әрбір қимылды онымен бірге қайталады. Соңында кішкентай ақбөкендер лағының бітін төбының суреттері бейнеленді. Ағылшын тілінің сабақтарына қатыса жүріп, Рори балалармен тілдесіп жүрді,



Рори МакКенн және оның дала табиғаты туралы тамаша фрескасы. © Айгуль Айтбаеванікі



Рори «Тірі мұра» дала клубының мүшелерімен бірге. © Айгүль Айтбаеванікі

сол арқылы олардың ағылшын тілін жақсы білуіне көмектесті. Дала клубының мүшелері суретшіні өздерінің мәжілістеріне шақырды, онда ол клуб қызметінің негізгі бағыттарымен танысты. Рори гитарда ойнады және тамаша өлеңдер айтты. Клуб мүшелері де ағылшын тілінде өлеңдер орындады. Мәжілістің соңында, балалар өз клубтары қатарына оны мүше етіп қабылдады, оған клубтың логотипімен бірге значогін және ұлттық шахматты сыйлады.

29 сәуірде «Даланың тірі мұрасы» деген атпен аталған фресканы ұйымдастыру жұмыстарына арналған салтанатты линейка өтті; оған балалар, мұғалімдер, ата-аналар және қонақтар қатысты. Оқушылар мен педагогтар өздерінің сөйлеген сөздерінде мынаны атап айтты: Яшкуль гимназиясының қабырғаларына салынған суреттер ақбөкен сақтау ісінде әртүрлі елдердің адамдарын бірігу символына шақырады, және ол көп жылдар бойы өзінің тек әдемілігімен, оригиналдығымен ғана емес, сонымен бірге туған табиғатты сақтау керектігін еске түсіреді.

Екі жеті бір күндей болып, өтті де кетті, ешкімде «біздің» Рориді жібергісі келмеді, бұл уақытта ол Яшкулдіктер үшін туыстай

болып кетті. Сөз жоқ, біздің республиканың барлық тұрғындары үшін Рори ойламаған тамаша сыйлықты табыс етті, ол көпжылдар бойы оқыту инструменті болып қызмет атқарады, сонымен бірге өсіп келе жатқан жас ұрпақтарды тірі табиғатқа жағымды, сүйкімді қарауға көмектеседі.

Қортынды да Роридің өзіне, біздің республикаға осындай тамаша суретшіні әкелуге мүмкіндік тудырған барлық адамдарға үлкен алғысымызды білдіреміз, сондай-ақ гимназияның педпгогтары мен оқушыларына мұндай айтарлықтай маңызы бар проектінің орындалуына белсене қатысқаны мен ұйымдастырғандары үшін рахметімізді айтамыз. Фресканы ұйымдастыру жөніндегі фильмді мына сайттан көруге болады: <https://www.youtube.com/watch?v=jAsDNFuNtdQ>. Сонымен бірге қара: <https://rq.ru/2016/07/12/req-ufo/hudozhnik-iz-anglii-narisoval-fresku-s-sajgakami-v-kalmykii.html>.

Рору МакКенн, rory.mccann84@gmail.com

Мен суретшімін, соңғы 4 жылда қабырғаға суреттер салумен айналысамын.

Жаңалықтар (кеңейтім)



Ең кішкентайлар үшін мастер-класс.
© Айгуль Айтбаеванікі

Менің жұмысымның мақсаты адамдар көңілін табиғатқа аудару. Күмән жоқ, менің өмірімде қызық әрі жемісті болғаны – ақбөкенді сақтау Альянсымен ынтымақтастақта жұмыс істеу болды, оның шеңберінде маған Өзбнстанда, Қазақстанда жұмыс істеуге мүмкіндік болды, тіпті жақында Ресейде. Бұл елдердің әрқайсында мен ақбөкендердің жойылып кету қаупі бар региондарында болдым. Менің міндеттерім жұмысқа жергілікті қауымдастықтар өкілдерін тарта отырып, үлкен фрескалар салу. Сол арқылы Альянстың атқарып отырған жұмыстарна көптеген адамдардың қатысуына көмекшесу және олар өлкенің флорасы мен фаунасын сақтаудың маңызды екендігін түсінулері керек.

Биыл сәуір айында Астрахань қаласына (оңтүстік-батыс Ресей) баратын самолетке отырдым. Аэропортта мені университет профессоры, ақбөкенді сақтау Альянсының қызметкері Юрий Арылов ұлымен бірге қарсы алды, олар мені бірден екі жетідей маған жұмыс істеуге тура келетін Яшкуль поселкасына жеткізді.

Алдымен өзімнің және сурет салуыма кіріспес бұрын, маған бірқатар адамдармен кездесу қажет, олардың ішінде менің

аудармашым Анатолий, жергілікті мектептің директоры, менің жұмыс істейтін мектеп және ірі әрі сүйкімді попелканың председателі бар!

Одан кейін мені жергілікті мектепке шақырды, онда менің құрметіме жоғарға класс оқушылары безендірілген қызғалдақтың көктемгі гүлдену процесін көрсетуге тырысты. Онда маған өзім туралы, қызметім жөнінде, ақбөкенді сақтау Альянсының жүргізіп отырған жұмыстары туралы айтуға мүмкіндік берді. Міне мен сурет сала бастадым, оқушылар бірден-ақ өздерінің қызығушылықтарымен құмарлықтарын айта бастады. Тіпті әуелі мен қабырғаларды ақ бояумен сылай бастағанда ғана, барлық жақтан қайран қалып іштерінен ауыр күрсінгендері және таңқалғандары естілді! Әрбір күнде менің қасыма келетін оқушылар саны көбейе түсті, олар көбіне үзіліс кезінде немесе сабақтары біткеннен кейін келетін, көбіне жұмысты көруге немесе сұрақтар беруге тырысатын. Қабырғада ақбөкендердің бірнеше суреттерінің пайда болуы әңгіме бастаудың – ақбөкендердің қиын жағдайы және оларды қорғау жөнінде – бастамасы болды. Менің күшім таусыла бастаған кезде мұғалімдердің бірі маған шоколад берді, міне осылай будистер жасайды дегенді сөз етті. Бұл мені мынадай ойға келтірді, мүмкін, маған буддизмге кіру керек шығар – шоколад религиясына!

Менің сапарым аяқталуға тақаған кезде мені жақын орналасқан қорықшаға апарды, онда жабайы табиғат жағдайында ақбөкенмен бетпе-бет кездесуге мүмкін туды. Онда сондай-ақ тырнаны, безгелдекті, сарышұнақты, және жылы шырайлы екі түйені көрдім, оның біреуі бізбен жақындасуға ұмтылғысы келді! Поселкаға келгеннен кейін, мен жаңа күшпен даланың барлық әсем көріністерін және оның табиғатын фрескада көрсетуге

тырыстым. Соңғы кетер алдындағы бірнеше күнде менің қызметімнің сферасы айтарлықтай кеңейді: төменгі класс оқушыларына арналған өнер жөнінде бірнеше семинарлар өткіздік, сонымен бірге жоғарғы класс оқушылары үшін мастер-класс сабағын өткіздік; оларға қабырғада сурет салуға мүмкіндік бердік. Мен сенемін, бұл тәжірибе оқушыларға туған өлкенің табиғатын күштірек сүйеге жұмылдырады, мүмкін, олардың келешек өмірлері мен профессионалды қызметтеріне де әсер етуі қажет емес.

Енді міне, екі жетіден кейін, сурет салумен, әңгімелермен, күлкімен, түйелермен танысумен, ақбөкендерді бақылаумен және көптеген – көптеген басқалармен толыққан біздің фрескалар салу проектісі аяғына жетті. Мектапте оқушылардың, мұғалімдердің және ауыл тұрғындарының қатысумен үлкен салтанатты рәсім өтті. Біз сыйлықтармен алмастық және қоштасу алдында бір-бірімізге жыл сөздер айттық. Әсіресе, менің есімде қалды, мектептегі тазалық үшін жауап беретін қызметкерлердің қоштасуы. Олар менің қолымнан басымнан сипап, жылы



Қалмақтардың өдет-ғұрптарымен танысу.
© Айгуль Айтбаеванікі

жақсы сөздер айтты. Бірақ мен олардың сөзін түсінбесмде, олардың маған деген сүйінбекшілігі, біраз сөздерден артық болды.

Мен бұл проектіні қолдаған барлық ұйымдарға үлкен рахметімді айтамын, сонымен бірге маған сенім артқан Э. Дж. Милнер-Гулланд пен Карлин Самуэльге, барлық Яшкуль мектептеріне, Анатолийге және барлық Яшкуль тұрғындарына алғысымды білдіремін. Олардың арқасында мен үйде жүргендей болдым.



РориМакКенни және оның дала табиғаты туралы тамаша фрескасы © Айгуль Айтбаеванікі

Жаңалықтар (кеңейтім)

Ақбөкен күні Ресейдің, Өзбекстанның, Қазақстанның және Моңғолияның алыс аудандарының адамдарын біріктірді

«Ақбөкен күні» - бұл халықаралық шара, ол 2011 жылдан бастап Қазақстанда, Ресейде және Өзбекстанда аталып өтеді. 2016 ж. Ақбөкен күнін мейрамдауға Моңғолияның ақбөкенді қорғаушылардың жастары қосылды. Мейрамдау түрдің мекендейтін қоныстарында ақбөкендердің төлдеу кезінде өткізіледі. Негізгі мақсат – мектеп оқушыларында экологиялық мәдениет пен көзқарастар қалыптастыру, сонымен бірге қоршаған ортаны қорғау проблемасына ересек тұрғындардың көңілін аудару, далалық экосистемалар туралы, олардың нәзіктігі жөнінде және оларды қорғауға (сақтауға) адамдардың қатысуы қажетті екендігін түсіндіру жұмысын жүргізу керек.

Ресей

Евгения Самтанова және Айгуль Айтбаева, Е.К.Хаглышева атындағы Яшкульдың көппрофильды гимназиясы, aigul-0889@mail.ru

Хаглышева Е.К. атындағы Яшкульдың көппрофильды гимназиясы – Ресейде ақбөкен күнін мейрамдаудың пионері, 2016 жылы ақбөкенді сақтауға арнылған бірқатар шаралар өткізді. Мәселен, ақбөкен күнін өткізу алдында жылсайынғы «Дала антилопасы» атты творчестволық жұмыстың конкурсын өткізген болатын. Бұл конкурстың мақсаты – ақбөкенді қорғау мен сақтаудың қажеттілігіне балаларды тарту, табиғатты қорғау жұмыстарын күшейту, табиғатқа ұқыпты және ілтипаты қарауға тәрбиелеу. Конкурста барлық жастағы 60-тай балалар қатысты. Жеңімпаздарға грамоталар тапсырылды, сондай-ақ олар қабырғаға сурттер салу проектісіне қатысуға мүмкіндік алды, оны англиялық суретші – анималист Рори МакКени өткізген (қара; жоғарғы мақаладан).

«Тірі мұра» дала клубының мүшелері гимназияның оқушылары мен оның қонақтары үшін шағын концерт ұйымдастырды. Клубтың құрамына кіретін «Экос» Экологиялық үгітбригадасы мен «Ақбөкен» театрлік группасы өздерінің жаңа және қызық номерлер ұсынды. Сонымен бірге Яшкуль гимназиясының оқушылары мен мұғалімдерінің күшімен



«Экос» экологиялық үгітбригадасы және театрлық группа «Ақбөкен». © Айгуль Айтбаеванікі

поселканың тұрғындары үшін қайырымдық концерті өткізілді. Концерттен түскен барлық ақшалар Яшкуль пос. Көп балалы семьядағы ауру бала мен анасын емдеуге берілді.

Сонымен бірге, гимназияда «Дала күні» атты мейрам өткізді, оған Хулхутина, молодежнен, Яшкуль және Черноземель аудандарының оқу орындарынан жас экологтар қатысты, сондай-ақ «Черные земли» биосфералық қорығының қызметкерлері, Москва, Санкт-Петербург, Қазан: королева қонақтары. Қатысушылармен экологиялық ойын өткізілді. Одан соң жабайы табиғатты қорғау Орталығының expertі, б. ғ. к., суретші А.Олексенко жабайы жануарлардың суреттерін салу мастер-классын өткізді. Мектеп оқушылары «Даланың флорасы мен фаунасы» атты фотокөрмемен танысты.

Өзбекстан

Наталья Шивалдова және Елена Быкова, Экомактаб, ақбөкенді сақтау Альянсы, ebykova67@mail.ru

2016 жылдың мамыр айының басында Өзбекстанда дәстүрлі «Ақбөкен күні» өткізілді. «Ақбөкен күні» экологиялық мейрамы, балалар мен ересектердің сүйіктісіне айналған, ерекше серпінмен Қарақалпақияда аталып өтті. Оған кішіден үлкенге дейін – мектепке дейінгі балалар мен орта мектеп оқушыларынан ақсақалдарға дейін бәрі қатысты. Биылғы жылы ақбөкенді қорғаушылар қатарына «Uz-Kor Gas Chemical» кәсіпорнының қызметкерлері қосылды, Үстірттегі Қырық-Қыз поселкасына жақын орналасқан. Олар мейрамды үлкен көлемде сексеуіл отырғызумен және жерлерді қалпына келтіру және рекультивация жүргізу шараларымен атап өтті, сонымен бірге Үстірт қыратында ақбөкен мен биоәртүрлілікті сақтау мәселесіне арналған конференция өткізді. Конференцияға туған өлкенің табиғатын қорғауға, сақтауға ынталы тек Uz-Kor Gas Chemical, эколог-мамандары өкілдері ғана емес, сонымен бірге оған Қарақалпақстан Ресубликасының Госкомприрода, Өзбекстан Республикасының Ғылым Академиясының, Өзбекстанның экологиялық қозғалыс партиясының және ақбөкенді сақтау Альянсының өкілдері қатысты, сондай-ақ Қырық-Қыз поселкасының тұрғындары да осы мәжілісте болды.

Мейрамның алдында Жаслық поселкасында футболдан «Ақбөкен кубогы» үшін бірқатар ойындар өткізілді, оған басшы ұйымдардың өкілдері, жергілікті кәсіпорындардың қызметкерлері және жоғарғы класс оқушылары қатысты. 2016 жылдың турнирының жеңімпаздары болып жоғарғы класс оқушылары мен №54 мектептің мұғалімдері аталды. Футбол ақбөкенді сақтауға арналған бірнеше



«Ақбөкен кубогі» үшін болатын футбол ойынының алдында «Жол болсын» дейміз.
© Елена Быкованікі

тізбектелген спорттық шараларды ашып берді. Мысалы, ересектер гирьлер көтеру және армреслингте жарысты. Жаслық және Қарақалпақстан поселкаларының мектептерінде дәстүрге айналған «Экологиялық экспресс» табысты өтті, онда балалар, бір станциядан екіншіге өтіп, экология, шетелдер тілдері, өнер және спорт салаларынан өздерінің білімдерін көрсетті. Әдеттегі сияқты, тыңдаушылардың көңілдері туған өлкенің көне дәуірдегі әдет-ғұрыптарын бағалау жөнінде айтқан әңгімелерге ауды әрі спорттық жарыстар мен жалпыға түсінікті «Ақбөкендер қоныс аударуда» ойындарын қызықтады. Жаслық поселкасының өте кішкентай тұрғындары – «Тулей» Газокомпрессорлық станцияның қамқорындағы балалар бақшасының тәрбиеленушілері өздерін сондай активті сезінді. Тәрбиешілермен бірге балалар өздерінің «Ақбөкен күнін» ұйымдастырды, одан кейін «Дала ертегісі» атты ақбөкен лағының тарихы туралы мультфильмді көрдік.

Ақбөкен күніне арналған кешкі шоу Жаслық поселкасының барлық тұрғындарын жинады. Мектеп оқушылары мен балалар

Жаңалықтар (кеңейтім)



Мектеп оқушыларының өздері қуыршақтар мен декорациялар жасауды үйренді.

© «Надежда» дала клубынікі

бақшасының тәрбиеленушілері дайындаған концерттік програмасы ересектердің сөз сөйлеуімен әрі жеңімпаздарды марапаттауымен алмасып отырды. Кешке қараңғы түсісімен жаздық сценада Өзбек кинодокумен талисттерінің поселка тұрғындарының қатысуымен әрі ақбөкенді сақтау Альянсы қолдауымен түсірілген «Ақбөкен: өмір сүру правосы» атты жаңа документалды фильмі көрстілді. Биылғы жылы фильм XX Халықаралық экологиялық Фесивалдің лауреаты атанды, <http://ecofest-ugra.ru/ru/o-festivale/novosti/634>.

Ақбөкен күні – 2016-ның жаналығы мен программасының «шегесі» қуыршақ

театрының сценаға шығуы болды. «Надежда» дала клубының (Нөкіс қаласынан) және «Ақбөкен» дала клубының (пос.Жаслық) мүшелері Александр Заславскийдің «игры в куклы» («қуыршақтармен ойнада») өнері бойынша өткізген мастер-класына қатысты. Мектеп оқушылары шағын спектакль дайындады және өздері қуыршақтар мен декорация жасауға үйренді. Бірнеше жаттығулар – мектеп оқушыларының өздері ақ нағыз актерлерге айналды; өздері жақсылық пен зұлымдық туралы, барлық жануарларға деген сүйіспеншілік пен оларға деген қамқорлық қатынасты хабарлайтын ерекшелік ретінде.

Жаслық поселкасының жоғары кластарын бітірушілері «Өзіңнің ізіңді қалдыр» экологиялық акция шеңберінде эко-бақша стенасын ақбөкендер өмірінен алынған суреттерді салумен толықтырылды. «Өзінің әртүрлілігімен бай табиғат – бұл сол арман, біз оған жетуге тырысамыз!» деп мектеп оқушылары мен дала клубтарының белсенділері айтап көрсетеді. Ерекше атап айту керек, барлық экологиялық акциялары поселканың ересек тұрғындарының қолдаулары әрі активті қатысуларымен өтті.



Газокомпрессорлық «Тулей» станциясының қамқорлығында болатын балалар бақшасының тәрбиеленушілері өздерінің тәрбиешілерімен бірге өздерінің «Ақбөкен күнін» ұйымдастырды.

© Александр Есиповтікі

Қазақстан

Мухом Суммубаев, АСБК, mukhit.suttibayev@acbk.kz

2016 ж. мамыр айының аяғында – маусым айының басында Қазақстанда, басқа елдерде де, таралу ареалында «Ақбөкен күні» аталып өтті. Бүгінде дәстүрге айналған мейрам АСБК халықаралық ұйым Фауна және Флора Интернэшнлмен бірігіп ұйымдастырған «Ақбөкен» достары клубтарының базасында Ақтөбе облысының Шалқар ауданында бес мектепте, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының Казталовка ауданында Нұрсай селосында 2014 жылы ақбөкенді сақтау Альянсының инициативасымен ұйымдастырылған дала клубында өтті.

Ақтөбе облысында «Ақбөкен күні» бүкіл тәулік бойы мейрамдалды. Барлық кластың оқушылары қызықты және танымдылығы мол әрекеттерге конкурстармен, ойындармен, жарыстармен, концертпен және ақбөкен туралы фильмді көрсетумен белсенді қатысты. Шаралардың соңында өздерін жақсы көрсеткен және жабайы табиғат туралы өздерінің білімдерін жақсы көрсете білген ең активті оқушылар дипломдармен, алғыс айтқан хаттармен және призерлермен марапатталды.

Орталық Қазақстанда «Ақбөкен күнін» мейрамдау Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының визит – центр базасында жалғасты. АСБК ақбөкенді сақтау Альянсымен бірігіп. Дружбин мектебінің жанындағы лагерь балалары және Қорғалжын поселкасындағы мектеп-гимназия балалары үшін мейрамды ұйымдастырды.



Балалар ақбөкен туралы анимациондық фильмдер көрді. © АСБК-нікі

Бірінші рет дала антилопасына арналған жарқын мейрам ақбөкеннің бетпақдала популяциясы мекендейтін территорияда өтті. Оқушылардың демелысына қарамастан, екі мектептің бастауыш кластарынан шамамен 100-ден аса оқушылар жиналды. Балалар ойындар ойнады, ақбөкен жөнінде анимациондық фильм көрді, суреттер салу конкурсында өз білімдерін байқатты, викториналарды шешуде табиғат туралы білімдерімен бөлісті. Ерекшеленген балалар алғыс айтқан хаттармен, дипломдармен, ақбөкен туралы комикстермен, футболкалармен марапатталды.

Біз балаларға экологиялық білім беру жұмыстарын белсенді жүргізген мұғімдерге және олардың табиғит қорғау ұйымдарының бастамасын ынтамен қабылдап отырғаны үшін алғысымызды айтамыз.

Жаңалықтар (кеңейтім)

Моңғолия

Буяна Чимеддорж, *WWF-Mongolia*, chimeddorj@wwf.mn



«Инспектордың бір күнінің» жас қатысушылары. © WWF-Mongolia

Алтай-Саян экологиялық регионда жойылып кету қаупінде тұрған моңғол ақбөкені тіршілік етеді. Ақбөкен тіршілік ететін аудандардың жергілікті тұрғындарының бұл жануарға жағымсыз (негативті) қарайтынын ескеріп, оны негізгі «конкурент» санайтын ескере, тек балалар ғана ақбөкенді сақтаудың маңызды екендігін ересек адамдардың түсінуіне хөмектеседі, сол арқылы қажетті хабарларды таратушылар болып табылады. WWF Сингапур және Silent Foundation қолдауымен «Инспектордың бір күні» атты жаңа инициатива іске қосылды, оның міндетеріне табиғат қорғау инспекторларымен және балалардың экологиялық клубтар мүшегерімен ақбөкенді сақтаудың біріккен шараларын жүргізу жатады.

2016 ж. сәуір айының 15-22 күндерінде ақбөкен таралған Гоби-Алтай және Кобдос аймақтарының жерінде «Ақбөкеннің Моңғол күндері» мейрамында көптеген әртүрлі шаралар өткізілді, оған 1000-нан аса балалар қатысты. Бұл шаралар ішінен суреттер салу конкурсы мен «Кім ақбөкен туралы көп біледі?» деген тақырыпта ұйымдастырылған викторинаны атап айтуға болады. Балалар клубтарымен

ұйымдастырылған дөңгелек столда ақбөкенге қауіп төндіруге байланысты сұрақтар қойылды және оқушылардың оны қорғауға қосқан үлестері туралда сөз болды. Бірқатар экологиялық клубтар сондай-ақ ағаштар отырғызу да ұйымдастырды, оған жергілікті тұрғындар және қатысқысы келгендер қатысты. Социальды сетте Facebook группа құрылды, онда балалар әртүрлі тансырмалар және информациялармен алмаса алады.

«Инспектордың бір күні» ақбөкен мекендейтін жерде танысу экскурсиямен басталды. Экскурсияға, балалардан басқа, инспектор, метеоролог және бірнеше малшылар қатысты, бұл балаларға ақбөкен туралы алуантүрлі информациялар беруге мүмкінлік берді. Метеоролог балаларға жергілікті ауа райының ерекшеліктері туралы айтып; ақбөкеннің ауа райының өзгеруіне қалай сезімтал болатынына тоқталды. Инспекторлар бүгінгі күннің батырлары болды: олар жануарларға қалай мониторинг жүргізу керектігі туралы, үй малдарының қатысуында олар мекендейтін қоныстарын қалай алмастырады, GPS-ті қалай қолдану керектігі туралы көп әңгімелер айтып берді. Батзайя Ұлы,



Инспектор балаларды GPS-навигаторды қалай пайдалану керектігіне үйретеді. © WWF-Mongolia

Гоби-Алтай аймақта Тугруг сомонында ақбөкенді сақтау инспекторының баласы, ақбөкенге мониторинг жүргізу жөнінде өзінің тәжірибесімен жән бақылау жүргізу әрі популяция санын бағалау жөніндегі жұмыстарын айтып берді; олармен ол мектеп каникулы уақытында әкесімен бірге жүргенде бақылаған.

Мынаны атап өткен жөн, WWF-моңғол бөлімі жойылып кету қаупі бар моңғол ақбөкендерді қорғаула балалардың экологиялық клубтарының атқарған жұмыстарын жоғары бағалайды. Көптеген мүдделі адамдардың біріккен күштерінің арқасында, соңғы он жылда ақбөкен популяцияның саны 5 000-нан шамамен 14 000 особқа жетті, ал ареалының көлемі 13%-ке өсті...

Экологиялық лагерьлер: табиғатты қорғау ісіне балаларды тартуды күшейту

Қазақстан: Қазақстанда «Ақбөкеннің достары» клубтарының бірінші білім беретін лагері

Кривошеева Алёна, Биоәртүрлілікті сақтаудың қазақстандық ассоциациясы, alyona.krivosheeva@acbk.kz

Соңғы жылдар бойы Қазақстанның әртүрлі аудандарында далалық экологиялық клубтар ашыла бастады. Поселкалық мектептер базасында мұндай клубтар сеттерін ұйымастыру мен дамытудың негізгі мақсаты-жергімкті балалр мен жасөспірімдерге экологиялық білім және ағарту беру – ерекше акцентпен ақбөкенді сақтау мәселелеріне көңіл бөлу негізінде. Бізге белгілі, дала антилопасының Үстірт популяциясы қазірде нағыз ақсайтын әрі саны аз популяция болып табылады: сондықтанда браконьерлермен күресу проблемасын наихаттауға (ағарту) бағытталған жұмыстарды бұл аудандарда жүргізу, ақбөкендерді қорғауды күшейту керектігі, оның ішінде жергілікті тұрғындар жағынан да қажеттілігі – басты бағыттардың бірі болып саналады. Соған байланысты, Үстірт платосында тұратын балалар үшін ақбөкен достары клубтарының жазғы дала лагерін ұйымдастыру және өткізу туралы біз шешім қабылдадық.

15 бала, 11 жастан 14 жасқа дейінгі, «Ақбөкен достары» дала клубтарының басшыларымен бірге Шалқар қаласы, селолар Аққайтым, Байқадам және Бозой Шалқар ауданынан, АСБК Фауна және Флора Интернешнл (FFI) қолдауымен сұйымдастырған бірінші далалық лагерге шақырылды. 27 маусымнан 1-ші шілде аралығында Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты территориясында орналасқан Малайдар көлі манында бірінші смена жұмыс істеді, сол уақытта балалар, бірніші кезекте, жануарларлар мен өсімдіктер дүниесімен танысуға мүмкіндік алды. Сонымен бірге лагерді ұйымдастырушылар өздерінің міндеттері деп мынадай тапсырмаларды қайды: балаларда экологиялқ мәдениетті қалыптастыруға мүмлікіндік беру, сондай-



Жазғы дала лагерінің жас қатысушылары. Балалар марапаттау салтанатынан кейін. © АСБК-нікі

Жаңалықтар (кеңейтім)



Ырғыз-Торғай резерватында құстарды бақылау. © АСБК-нікі.

ақ «Ақбөкен достары» клубтары мүшлерін келешекте бірлесіп жұмыс істеуге біріктіру болып табылады. Сонымен бірге, лагерь Үстірттегі экологиялық клубтардың башыларын жинауға мүмкіндік берді, олардың жұмыстарының бағыттарын талдап, соған сәйкес программаны дайындауға жағдай жасалды, жиналған тәжірибелермен алмасу мен жеткен жетістіктері туралы әңгіме етуге мүмкіндік туды. Балалар өте тез-ақ жалпы тіл тапты; ал өздерінің клубтарында олар талқлаған проблемалар, пікірлер алысу процестерінің ұзақ және қызғылықты болуының және келешектегі достықтың алғашқы дастамасы болып табылады.

Лагерь программасына әртүрлі компоненттер енген: көңіл көтеретін және білім беру ойындары, лекция мен дискуссиялар, ақбөкендер туралы



Кешке костер маңында. © АСБК-нікі.

фильм көрсету, практикалық жұмыстар. Бірінші күні қатысушылар Ырғыз-Торғай резерватының визит – орталығына келді, онда экологиялық ағарту және туризм бөлімінің қызметкерлері резерват туралы, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің ерекшеліктері туралы, тарихи және мәдени оқиғалар туралы толықтай айтып берді. Келесі күндердің бірінде резерват қызметкерлері балалар үшін гербарий жинау және насекомдар коллекциясын жасау жөнінде үйрену семинарын ұйымдастырды. Лагердің бір күні толығымен құстарға бақылау жүргізуге арналды. Лагерден алыс емес көл су құстары мен су маңы құстарына



Көңілді флэш-моб. © АСБК-нікі.

бақылау жүргізудің таптырмайтын мекеніне айналды. Балалар табиғатта құстардың әртүрлі түрлерінің мінез-құлықтарын ғана бақылап қана қоймай, сонымен бірге арнаулы форманы да толтырды – құстарды тіркеу листы, сол арқылы олардың әрқайсысы құстардың қандай түрлерін кездестіргенін есте сақтайды. Сол күнгі барлық қорытынды бойынша, құстардың 16 түрінің 232 особтары тіркелген, олардың ішінде қызыл кітапқа енген кі түр бар: қарақұс пен бұйра бірқазан. Бірақ лагерьге барар жолда қатысушыларды негізгі сыйлық күтіп тұрды. Машинаның алдынан ақбөкеннің үш ешкісі екі лағымен жүгіріп кесіп өтті! Бұрын ешуақытта бұл жануаоды көрмеген балалар сондай таңданып, қуанғандарында шек болмады-олар дала антилопасын көруге мүмкіндік алды.

Оларды сақтау керектігі туралы талай естіген және өздері де сөз еткен! Сонымен бірге экскурсияның бірінде лагерге қатысушылар «Жаманшын» метеориттік кратеріне барды. Кең тараған гипотезге қарағанда, жерге метеориттың (мүмкін, астероида, ядра комрты және т. б.), диаметрі 200-ден 400- метрдей болатын, қопарылыстан кейін парға айналған деген жорамал бар. Жарылыстан кейін кратердің тереңдігі 500 метрден кем болмаған.

Дала лагеріне барлық қатысушыларға сыйлық ретінде футболкалар, бейсболкалар, білімдік материалдар және басқа да ескерткіш сыйлықтары берілді. Бірақ ең бастысы балалар лагердің ерекше атмосфералық жайынан ұмытылмас әсерлер алды: өздерінің құрдастарымен кездесті, практикалық сабақтарға қатысты, дала жануарларымен бақылау жүргізді. Сенуге болады, табиғатпен осылай танысу тәжірибесі ғана балаларға келешекте өздеріне ғана туған жердің табиғатын сақтау жауапкершілігін алуға көмектеседі.

Өзбекстан: Табиғаттағы жас қорғаушылардың шеберханасы (мастерскойы)

Наталья Шивалдова, ННО Экомактаб, nshivaldova@mail.ru

Өтіп бара жатқан жаздың соңғы жетісінде Қарақалпақияның Дала клубтарының



Эколагерінің ашылуы. © Александр Есиповтікі



Тауға жорық. © Наталья Шивалдованікі

балалары идеялармен бөлісу және экологиялық лагерь «Сайгачий-2016»-да келешек оқу жылында одан әрі жұмыстар істеу үшін жаңа импульс алу үшін мүмкіндіктер адды; ол Чатқал биосфералық қорыққа жақын әсем жерде орналасқан. Тау шөптерінің ароматты гисі, таза тау ауасы және бұлақ сулары, жануарлар мен өімдіктердің алуан түрлері, тамаша тау көлі юным экологам табиғат сұлулығына терең үңілуге көмектесті және өзі үшін көптеген жаңалықтар ашуға жағдай жасады.

Экологиялық лагердің программасы өте толық болды. Биылғы жылы табиғатқа экскурсия, сабақтар және ойындардан басқа три секция жұмыс істеді, ондағы өтетін сабақтарды балалардың өздерінің қалаулары бойынша таңдап алатын болды. «Экодизайна» секциясында Татьяна Грицинаның басшылығымен балалар кезкелген, тіпті әдеттегідей затта қайталанбас «АРТ-объектіні» көруге үйренді, онда тіпті тау өзенінің түбіндегі ұсақ жұмыр таста көркемдік творчества үшін негіз бола алады, ал кәдімгі, боялған құм әсем бояу тақшасы бола алады, оның көмегімен тамаша құм суреттері салынған. «Экодизайна» секциясы жұмысының қорытындысы бойынша көрме дайындалған.

Жаңалықтар (кеңейтім)

«Экологиялық театр» балаларға өздерінің артистік талантарын кукольдық спектакль қоюда көрсетуге мүмкіндік алды. Жетекшілері Александра Заславскоймен бірге балалар сценария дайындаудың алғашқы қадамын жасады. Әрбір қатысушы ертегінің өз версиясын ұсынды, оның бірқатар бөлімі жалпы сюжетте бейнеленді. Негізгі тақырып етіп жаңа ландшафтлық «Сайгачий» қорықшасы алынды, ол қарақалпақияда 2016 жылдың 22 маусымында арнаулы ашылған еді (қара: жоғарыдан). Ақтуальды тақырып болып ақбөкендерді браконьерлерден қорғау қала берді. Ертегіде көптеген ерекше кейіпкерлер болды, қызық көріністер, волшебства, жақсылық пен зұлымдықтың күресі, әрине, онда жақсылық пен достық жеңеді. «Экологиялық театрда» ойыншықтарын өздері жасау Мастер-классы жүрді Ойыншықтар спектаклын қою ешкімді де немқұрайлы қалдырған жоқ. Ал, біз, педагогтар, тағы да таңқалдық, экологиялық ойыншықтар театры сияқты творчестволық жанрының тәрбиелік – ағартушылық күші екендігін байқадық.

Балалардың экологиялық лагерінде болып жатқан барлық оқиғалармен үнемі

жас эко-журналистер бақылады, ондағы істерге мүдделі секцияның қатысушылары. Журналист мамандығын жаңа бастағандар журналисткалық ремесла жанрлары туралы білім алды, шағын мақала дайындауға үйренді, интервью алуға, видео-фото репортаж жасауға жаттықты, ал одан кейін өзінің творчестволық міндеттерін орындауға және информациондық қабырға газеті үшін материалдар жинауға кірісті.

Сондай-ақ мұғалімде тансырмалар алды, ларды орындау келешектегі шараларды (мысалы, мынадай: «қоныс аударатын жануарлар күні», «Қорықтар күні», «Ақбөкен күні») іске асырудағы жақсы бастама болып табылады, әсіресе, жаңа оқу жылында экологиялық клубтар үшін. Экологиялық тұрғыдан алып қарағанда, анық мысал «Нептун мейрамын» дайындау мен өткізу, экологиялық лагерьге барлық қатысушылар үшін ұмытылмастай оқиға болды, ол «Су күніне» ыңғайланып қойылған еді. Мейрам тақырыбы Арал теңізі трагедиясына байланысты таңдап алынған. Балалар, Нептун властемен сумен және басқа да ертегінің персонаждарымен бірігіп, Аралды сақтап қалу шешімін тапты. Экологиялық лагерде барлық



Нептун күнін мейрамдау. © Оля Есипованікі

күндер тақырыптық болды: Биологиялық әртүрлілік күні, Табиғатты қорғау Күні; Таза ауа мен денсаулық күні, Су күні және Достық күні.

Ұйымдастырушылар оқытудың (үйретудың) формальды өтпей, сондай эмоциональды және қызықты өтуі үшін бәрін істеді. Әсіресе, экологиялық ойындар мен жаттығулар, мәселен, «Экосистема», «Жыртқыштар және құрбандары» сияқтылар өте үздіктер ретінде көрсете білді; сонымен бірге пайдалы советтер мен дағдылар, «Оқу мұғамдер үшін» программасы шеңберінде Зоопаркте және Сафари – Парке Сан-Диегода лагердің ұйымдастырушылары оқыту процесінде қолданған. Сондай-ақ Сан-Диего коллегадарының көмегімен мұғалімдер үшін методикалық пособие (әдістеме) дайындалып, тәжірибеден өткен, оқушылар үшін «қбөкен – дала рухы» атты активті оқулықта дайындалып, тәжірибеден өтті. Олардың орыс тіліндегі вариантын ақбөкен жөніндегі Ресурстық Орталықтың сайтынан табуға болады: <http://www.saigaresourcecentre.com> немесе сұрау бойынша SCA-дан алуға болады..

Экологиялық лагерь «Сайгачий -2016» болған барлық он күн заматта-ақ өте

шықты. Балалар мен мұғалімдер өздерінің поселкаларына оралды, сондай маңызды информация, тамаша ойлармен толыққан, ал ең бастысы – ақбөкегді қорғауісіне өздерінің қолдан келетін үлестерін қосуға ынта ларының болуы.

Өзбекстанда экологиялық лагерь екінші жылы өткізіледі. Белгілі дәрежде тәжірибе жинақталған, білім беру әдістемелері және тәрбиелеу тәсілдерін дайындап шығарған, эколог-энтузиастердің творчестволық дотық командасы қалыптасты. Мұнда көмектескен мына ұйымдарды атап өткен жөн: әсіресе, экологиялық лагерді ұйымдастыруда ерекше қатысқан әрі көмектескен партнерлар Краеведенияның Республикалық балалар Орталығы және колония «Баркамол Авлод» айрықша айтуға болады (Озб. Рес. халыққа білім беру министрлігі); Эколого-ресурстық Орталық «Ekomaktab», Өзб. Рес. ҒАның өсімдіктер мен жануарлар дуніесі генофондысы институтының эксперттері және, әрине, барлық дала клубтары үшін Канаданың дисней «Пингвин» фондасы мен ақбөкенді сақтау Альянсының қолдаулары мен көмектері актуалы және өте маңызды.



«Сайгачий-2016» эко-лагерінің қатысушылары © Александр Есиповтікі

Прессалардан

Қазақстанда ақбөкенді заңсыз атып алғандары үшін 20 қылмыстық істер қозғалған

ҚР ауыл шаруашылық министрлігінің орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі Комитеті председателінің орынбасары Нариман Жунусовтың сөзіне қарағанда, Қазақстанда табиғатты қорғау заңдылықтарын бұзғандарды табу жоспарында және оларды іздестіруде белгілі жетістіктер бар. «2014 жылы ақбөкендерді заңсыз атып алуға 79 қылмыстық істер қозғалса, 2015 жылы – 107-ге жетті, ал алынған мүйіздер саны 3 мыңнан асты. 2016 жылдың басында 20 қылмыстық істер қозғалса, шамамен 600-дей ақбөкен мүйіздері алынды. Ақбөкенді қорғауда едәуір өзгерді, оған тиісті қызмет көрсететін ұйымдарды материалды-техникалық жағынан жабуықтауды жақсарту әсеретіп отыр. Мысалы, биыл РГКП «Охотзоопром» жол талғамайтын жаңа автокөліктермен жабдықталған, енді олар қазірде браконьерлермен айтарлықтай күресе алады, жылдамдық пен маневрлік жағынан жол бермейді».

http://bnews.kz/ru/news/proisshestiya/s_nachala_goda_v_kazahstane_zavedeno_20_ugolovnih_del_za_nezakonnii_otstrel_saigi-2016_05_04-1269907

Ақбөкеннің мүйіздері мен терілерінің ірі партиясы Ферғанада ұсталды, Өзбекстан

Ферғана облысының мемлекеттік кеден комитетінің хабарына қарағанда, Өзбекстаннан ақбөкен мүйіздерінің ірі партиясын контрабандылық жолмен әкетуге тырысқандардың жолы кесілді.

Басқарма қызметкерлерінің ұлттық қауіпсіздік службасының өкілдерімен бірлесіп өткізген оперативтік шараларының нәтижесінде Ферғана складтарының бірінен 468 ақбөкендер мүйіздері және 72 мүйіздер



Ферғанада складтан табылған мүйіздер.
© gazeta.uz

бөлшектері және 170 осы жануарлардың терісі табылған..

Зерттеу мынаны көрсетті: елімізден тыс заңсыз әкетуге арналған мүйіздер мен терілер Сох ауданының тұрғынына тиісті екен. Алдын-ала есептеу бойынша, олардың бағалық құны 148 млн сүм (шамамен 46,879 АҚШ долл.) екен.

Толығырақ: <https://www.gazeta.uz/2016/07/14/saygak/>

Қытайда ақбөкен мүйіздерінің үлкен партиясы конфискіленген

2016 жылдың қыркүйек айының басында 6 ай бойы зерттеуден кейін Пекиндік, Сючуаньдық және Синьцзиндық орман полициясы бюросы 1502.25 ақбөкен мүйіздерін конфискіледі және 12 күдіктілер тұтқындалған. Конфискіленген мүйіздердің базарлық бағасы 320 миллион юань (46,625,824.00 АҚШ долл.). Бұл іс бірінші



© CCTV

рет қарауға Синьцзян автономиялық ауданының орман шаруашылығы басқармасына жіберілді, өйткені еліміздің солтүстік-батысында орналасқан Синьцзян қытай провинциясының Урумчи және Или қалаларынан ақбөкен мүйіздерінің үлкен бөлігі табылған еді. Мемлекеттік органдар бұл істі зерттеумен әлі айналысып жатыр. Қосымша хабар әлі берілген жоқ.

<http://v.ifeng.com/news/society/201609/01cb9225-754b-11e6-86e6-002590c2aaeb.shtml>



© CCTV

Мақалалар

Батыс Моңғолияда ақбөкендердің таралуы мен мекендерін ауыстырушылығына антропогендік факторлардың әсері


Буйана Чимеддорж¹, Эрденебаттар Сергелен¹, Байарбаттар Бувейбаттар²

1- WWF-Моңғолия, 2 - WCS-Моңғолия

Моңғол ақбөкені (*Saiga tatarica mongolica*) батыс Моңғолия территориясында төрт субпопуляция тізеді. Бұл түрге МСОП «Жойылып кету қаупі бар» статусын тағайындады. Тұртармағы (подвид) үшін негізгі қауіптар-егіндік көлемінің кеңеюі, үй малдары санының өсуі – ақбөкеннің азық үшін басты конкуренті, сондай-ақ, әсіресе, құрғақшылық, соңғы бірнеше жыл ішінде басталатын қатты қыс. Соған қарамастан, соңғы бірнеше жыл ішінде моңғол ақбөкенінің популяциясының өскендігі байқалады, оған себеп-оларды қорғау шараларының күшеюі және ауа райының қолайлы болуы. 2014 жылы өткізілген бағалау бойынша, ақбөкен популяциясының мөлшері шамамен 15 000 особь болды.

Ұзындығы 263 км болатын автожол участкесінде, Гоби-Алтай және Кобдос аймақтар территорияларын қосатын, бүгінде жолды жақсарту бағытында масштабты реконструкция жүріп жатыр.

Асфальтпен жабылған бұл жол жергілікті тұрғындарға сауда, білім беру жәе



Сурет 1. Ақбөкендер қозғалысы (саны = 7). Шаргин- және Хуйсин-Гобиде 2015 ж. қазынынан 2016 ж. шілдесіне дейін ұсталған.

Мақалалар (кеңейтім)

Таблица 1. Жануарлардың тұрған жері – точкaлар, қашықтық, олардың әрбір 2 сағатта өткен қашықтығы (км) және әрбір жануар үшін мекендейтін индивидуальдық участкісі (МВМ – минимальды дөңесті көпбұрыштық). Мәліметтер 10 ай бойы (2015 ж. қазанынан 2016 ж. шілдесіне дейін) Батыс Моңғолия территориясында GPS-ошейниктермен жабдықталған жануарлардан алынды.

Ошейникті қойған жер	Ошейник №	Бақылау уақыты	Тұрған жерінің точкaлар саны	Жеңетін қашықтық, $x \pm m$	100% МВМ, км ²
«Шарга»	62063790	09/30/15 - 10/15/15	182 *	0.98 ± 1.11	184
	62068770	09/30/15 - 07/06/16	3358	0.55 ± 0.73	1,115
	62670350	09/30/15 - 09/30/16	3357	0.79 ± 1.06	2,268
Хуйсин	62676340	09/30/15 - 05/28/16	2895	0.61 ± 0.88	2,967
	62060790	10/01/15 - 07/06/16	3358	0.84 ± 1.16	7,81
	62673340	10/02/15 - 07/07/16	3356	0.79 ± 1.12	4,918
	62679330	10/02/15 - 07/07/16	3351	0.72 ± 0.99	2,611
	62679340	10/02/15 - 07/08/16	2875	0.68 ± 0.98	6,403

* *Особь, оның сигналдары тек 15 күн ішінде түсті*

денсаулық сақтау орталықтарына баруын жеңілдетеді, сол арқылы олардың өмір сүру деңгейлері өседі. Екінші жағынан, Хуйсин-Гоби территориялары арқылы өтетін жолдың участкісі ақбөкендердің мекендейтін негізгі қоныстары болып табылады. Мүмкін, бұл түр популяциясына теріс әсерін тигізуі ғажап емес; өйткені ақбөкендердің қозғалыстарын қиындатып, тікелей немесе жанама олардың таралу аймағының көлемін қысқартуы мүмкін, сондай-ақ ақбөкендер мекендейтін қоныстардың алыс еместігін сезген аңшылардың жасырын аңдарды аулау деңгейі де өсуі ғажап емес. Тек қажетті мониторинг жүргізу арқылы популяцияны тиімді басқарудың шараларын дайындауға және жолдың жағымсыз әсер етуін азайтуға мүмкіндік болады; біздің зерттеудің мақсаты – спутник телеметрияны пайдалану арқылы Батыс Моңғолияда ақбөкендердің таралуы мен мекендерін ауыстыруына асфальтталған жолдардың әсерін зерттеу болып табылады.


2015 жылдың 30 қыркүйектен 2 қазанға дейін біз Шаргин – және Хуйсин-Гоби

территориясында 8 жануарды GPS-ошейниктерімен Sirtrack - Pinnacle Iridium Lite G5C 275F білезіктедік (сурет 1). Әрбір 2 сағатта ошейниктер жануарлардың кездескен жерлерінің точкaларын тіркеді жән соған сәйкес сигналдар жіберді. Жануарларды тапқаннан бастап, он айдың ішінде 2016 ж. шілдесіне дейін 22 732 жануарлардың болған точкaлары тіркелді, бұл орташа әрбір жануар үшін $3\ 221 \pm 229$ точка еді (lim 2 875-3 358). GPS-мәліметтері бір жануарға, оның сигналдары тек 15 күндей ғана түсті; олар ақбөкендердің кеңістікте бөлінуі мен таралу анализіне енген жоқ. 7 006 точка (~ 69% жалпы санынан) «Шарга» қорығының территориясында тіркелген (территория Шаргин-Гоби) бақылау жүргізген кезеңнің барлығында барлық төрт жануардан (сурет 1). Бізге жаңа қоныс аударатын маршрутты тіркеуге мүмкіндік болды Шаргин – және Хуйсин-Гоби аудандарында ақбөкендердің субпопуляцияларын байланыстыратын. Бұл маршрут ертеде GPS-ошейниктердің көмегімен анықталған (Berger et al. 2008) мтграциондық коридордың альтернативы болып табылады.

Ақбөкендердің 2 сағат ішінде орташа өткен дистанциясы $0,71 \pm 0,99$ км болды, сол кезде максимальды өткен қашықтық 2 сағат ішінде 5 километрден 14 километрге дейін болды (табл. 1). Жануарлардың орын ауыстырушылық дистанцияларын салыстырғанда Хуйсин-Гоби ($0,77$ км) және Шаргин Гоби ($0,65$ км; $t = -7.74$, $p < 0.001$) жануарлары арасында айтарлықтай айырмашылық байқалды. Әрбір жануардың бүкіл бақылау кезінде орташа қашақтығы 2300 ± 436 км ($lim = 1752-2822$ км) болды.

Территория мөлшері, ақбөкендердің ауысып қозғалып жүрген көлемі, өзгеріп отырды, тіпті 7 есеге дейін (1115 -тен 7810 км² дейін, орташа 4013 км²; (табл. 1). Ауысып жүретін территорияның орташа мөлшері Хуйсин-Гобидегі ақбөкендерде едәуір үлкен болды (5436 км²) Шаргин-Гоби провинциясындағы жануарлармен салыстырып алғанда (2117 км²), онда антропогендік фактордың әсері төмен болуы керек (тест Крускалла-Уоллиса: $N = 9.34$, $p < 0.05$). Жануарлар мен асфальтталған жолдар арасындағы қашықтық барлық уақытта айсайын өзгеріп отырды (біржақты дисперсиондық анализ: $F = 25.37$, $p < 0.001$): аз қашықтық ақпан айында тіркелді, ал ең үлкені – 2016 ж. шілде айында (сурет 2).

Біздің зереттеулер мынаны көрсетті: Хуйсин-Гобиде мамыр айынан қазан айына дейін жалғасқан жол салумен байланысты жұмыстардың антропогендік әсері ақбөкендердің таралуына жағымсыз әсер етті, оларды жол салып жатқан жерден алыс кетуіне мәжбір етті.



Сурет 2. Қашықтықтың айсайынғы өзгеруі, онда Хуйсин-Гобиде, ақбөкендер қатты жамылғылы жолға жақындап келеді, 2015 ж. қазан айынан 2016 ж. шілдесіне дейін тіркелген.

Келешекте біз жылдың мезгіліне байланысты жануарлардың ауысу қозғалыстар мәліметтеріне анализ жасауды жоспарлап отырмыз, экологиялық және антропогендік факторлар әсерлерін зерттеу ойымызда; бұл одан әрі ақбөкендер қозғалыстарына әсер ететін басқа да негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік береді; сондай-ақ олардың ауыстырушылық территорияларының мөлшеріне және таралу площадтарыне әсер ететін факторларды зерттеу көзделуде. Сонымен бірге біраз уақыт, мүмкін, екі жыл қатар жануарлардың үлкен тобымен қоныстарын ауыстыру процесін бақылау жүргізіледі. Бұл шара экологиялық және антропогендік (мысалы, жолдар салу) факторлар әсерінен олардың жылдық мекендерін өзгертуімен, мекендейтін жерлерінің ерекшеліктерін түсінуге болады.

Мақалалар (кеңейтім)

Қазақстанда 2016 ж. ақбөкендерге жүргізілген авиаучеттің нәтижелері

Штеффен Цутер и Альберт Салемгареев Биоәртүрлілікті сақтаудың қазақстандық ассоциациясы, steffen.zuther@acbk.kz, albert.salemgareev@acbk.kz

2016 жылдың 18 сәуірінен 3 мамырға дейін РОО «Биоәртүрлілікті сақтаудың қазақстандық ассоциациясы» (АСБК) Қазақстан территориясында мекендейтін ақбөкендердің барлық үш популяцияларына (бетпақдала, орал және үстірт) жылсайынғы самолетпен санақ жұмыстарын жүргізді. Жұмыс «ПО «Охотзоопром»-мен бірлесіп, ҚР ауыл шаруашылық министрлігінің орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі комитетінің заңымен орындалды. Авиаучетқа, сонымен бірге, орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі комитетінің территориялық өкілдері және ерекше қорғалатын табиғи территориялар (ОСПТ) (Мемлекеттік табиғи резерват «Алтын-Дала», «Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерваты және қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы) қызметкерлері қатысты.

Авиаучеттің нәтижесі бойынша, Қазақстан Республикасы территориясында ақбөкендердің жалпы саны 2016 жылы 108 300 особь болды, онын ішінде бетпақдала



популяциясының саны – 36 200 особь, орал популяция саны - 70 200 және үстірт популяцияның саны – 1 900 экз. болды.

Алынған мәліметтер орал және үстірт популяцияларының сандары өскендігін байқатады. Бұл кезде бетпақдала популяциясының саны азайған, өйткені бұл популяция 2015 ж. мамыр айында болған жаппай өлім-жітімге ұшырағаннан кейін санын қалпына келтіре алған жоқ. Бірақ түрдің биологиялық ерекшеліктерін ескерсек, бұрын ақбөкендердің дүние жүзіндегі ең ірі популяциясы тезірек қалпына келу мүмкіндігі бар.

Орал популяциясы өзінің тұрақты өсуін көрсетеді - шамамен 35%, бүгінгі күнге дейін, санақ нәтижесі бойынша, саны өскен популяция болып саналады. Өсімнің осындай мөлшерде өсуі бетпақдала популяциясына да тән; сондықтанда оны ақбөкендердің популяциясының бастыларының бірі деп қарастыру қажет, ол тиісті нормальды жағдайда өмір сүріп келеді, өте суық қыссыз және активті аулаусыз.

Ақбөкендердің үстірт популяциясы, бұрынғыша, өте жәбірлен күйде қалып



отыр. Санының азаюуының басты себебі – браконьерлік. Бірақ, соңғы санақ жұмысы көрсеткендей, популяция азда болса; одан әрі көбеюіне мүмкіндік беретін едәуір текелері бар екендігі байқалады. Популяция саны кемімейді, бірақ әлі де өте төмендігі деңгейде екендігі көрінеді.

2016 жылдың авиаучетінің ерекшелігі - жаңа ауа кемесі (BC) - вертолет Eurocopter 145, пайдалану болып табылады, АН-2 самолетінің орнына. Бұл өзгеріс авиаучет бекітілген методикамен жүргізу бірқатар міндеттерді шешуді қажет етті. Атап айтқанда, ауа кемесінің бортында санақ жүргізушілердің мінез-құлқында болып отыр, ол иллюминатор арқылы үлкен кеңісті қамтуға байланысты, ал екіншісі, әзірше оптимальды емес, байланыс системасы мен есеп жүргізушілер санан шекшеу болып табылады. Одан басқа техникалық проблемалар шешілді, санақ полосасының маркерлерін бекітуге байланысты шешілді және ұшу ұзақтығының шектелуі де қаралды. Бірақ бұл мәселелерді оперативті шешуге



Санақ жүргізушілер командасы. © АСБК-нікі.

мүмкіндік болды, жаңа бекіту системасын пайдалану арқылы және вертолетке далада санақ жүргізу маршруттарында бензин құюдың жолы шешілді (ол үшін арнаулы бензовоз жұмыс істеді). Барлық туған проблемалар оперативно және табысты шешілгендіктен, авиучет бекітілген методикаға сәйкес толық өткізілді, сондықтан да 2016 ж. Авиаучетінің нәтижесі бұрынғы жылдардағы нәтижелермен толық салыстыруға болады.

Көктемгі әрекеттенушілік - «Степной» қорықшасы

Владимир Калмыков¹, Мария Воронцова²

1-«Степной» қорықшасы, limstepnoi@mail.ru; 2 - Халықаралық жануарларды қорғау фондысы IFAW Ресейлік бөлімшесі, mvorontsova@ifaw.org

Көктем. Дала тез-ақ жасылға бөленуде, ал кейбір участкілерде нағыз гүлдер көріне бастады. Отанына құстар қайтып келуде, және дала олардың дауысымен азан-қазан. Бірақ ең бастысы уақыт жақындап келеді, «Степной» қорықшасының территориясында жарық дүниеге ақбөкен лақтары келеді. Бұл оналтыншы «төлдеу», оған қорықша қызметкерлері ерекше ұқыптылықпен дайындалды.

Қорықша территориясында «Ақбөкеннің көбею зонасы» (көлемі 54 мың га) атты белгілер ілінген; әдейі сол жерге

жылсайын ақбөкендер тұрақты келетін мекендер. Бұл жануарлардың өте күрделі кезеңінде олардың тыныштығын қамтамасыз ету үшін және Астрахань облысының табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау Службасынан алынған нұсқауға байланысты «Ақбөкенді өсіру зонасына» жақын территорияларда барлық жолдарда қозғалыстарға шек қойылған, онда Информациондық белгілер қойылған, оның тектінде ақбөкеннің төлдеуіне байланысты жолдарда жүру уақытша жабық деп көрсетілген. Қорықша

Мақалалар (кеңейтім)



РАН-ның ИПЭЭ қызметкері Хосе Антонио Эрнандес Бланкның жіберген беспилотнигінен «Степной» қорықшасы кордонының көрінісі

территориясында жаңа өмірдың пайда болуын күткен түйсіктер орын алды, өйткені төлдеу процесіне барлығы дайын. Бірақ ақбөкендер астрахань даласынан төлдеулеріне қолайлы кішкентай ғана жерді әлі де таңдап үлгірген жоқ. Барлығын ауа райы қиындатты, мұндай ауа райын ақсақалдар бұрынғы уақытта қашан болғанын естеріне түсіре алмады. Күшті дауыл желдер мен нөсер жаңбырлардан соң дала жолдары Венециандық каналдарға ұқсап кетті, алып дала кеңістігі суға толды. Міне осының бәрі ақбөкендер мен адамдарды қорқытты, олар қауіпті күймен не боларын күтуде.

Осыған қарамастан, ақбөкендер «роддом» үшін екі участкіні таңдап алды, олардың бір-бірінен қашықтағы 20 километрдей. Онда төлдеу үшін, көзбен шолып бағалауға қарағанда, жалпы алғанда шамамен 2500 аналықтар жиналған, мүмкін, олар ауа райының жақсарғанын күтуде. Міне, 2016 жылдың 18 мамырында күн ашылды, жаздай ыстық күн және аздап жел соғып тұр; бұл жердің тез құрғауына әсер етеді, ал күннің екінші жартысында бүкіл дала белгілі дыбыстармен толды – бұл жаңа туған лақтардың өздерінің аналарымен тілдесуі еді.

Биылғы жылы төлдеуге жиналғандарды, тіпті ғылыми мақсаттар үшін де, ешқандай тыныштықтарын бұзуға болмайтындығы туралы шешім қабылданды. Төлдеу сондай тез өтті (бір жетінің ішінде), ал аналықтар мен төлдердің, біздің бақылауымыз бойынша, өлімдері тым төмен болды. Оған куә біздің бақылауымыз бойынша, тазқаралардың мінез-құлықтары болып табылады, олар алыс жерден үнемсіз ақбөкендер төлдейтін жерлерге ұшып келеді, олар, негізінен, жаңа туған лақтардың шуын (плаценты) және басқа да кейбір бөліктерін жеуді қанағат тұтады. Сондай-ақ ақбөкен лақтарына жаппай басқа да жыртқыштардың шабуыл жасағанын байқаған жоқпыз. Мұның бәрі 2016 жылы популяцияның өсуі жақсы болатандығын байқатады.

Қорықша өмірі қыза түсуде: дүниеге жаңа келген түлкі, қасқыр, қоян ұрпақтары есін жиюда, ұяларда жыртқыш құстардың балапандары өсуде, ал тырнаның балапаны аздап анасының қасында қимылдайды. Міне осының бәрі әзірге жасыл анық гүлденіп тұрған дала көркі. Далалық идиллия (тыныш өмір)! Бірақ таяу уақытта көзге қуанышты сурет тудыратын әсел көріністер басқа қатаң пейзаждарға ауысады; гүлдеп тұрған көктемгі кілемдер сары түске және тіпті қатты кеңістікке айналады. Бұл өрттер маусымының басталуының хабаршысы



«Степной» қорықшасының инспекторлар бригадасы. © Николай Юденконікі



Ақбөкендр туыстары. © Андрей Гилёвтікі

болып табылады яғни табиғи (мысалы, құрғақ найзағайдан) гемесе «адамдар» факторынан; ол кезде даланың ұлан-байтақ кеңістігі өзінің барлық мекендеушілерімен бірге жанып кетуі мүмкін. Өрттерден келетін шығындарды азайту мақсатымен қорықшаның қызметкерлері жолдарды тазалады және өртке қауіпті участкелерде жырту жұмыстарын жүргізді. Мұндай жұмыс Астрахань облысының табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудың облыстық Службасы мен жануарларды қорғаудың халықаралық фонды IFAW-тың Ресейлік бөлімшесінің қолдауы арқасында жүзеге асырауға мүмкіндік туды. Сонымен бірге өрттерді болдырмаудың алдын алуда және сөндіруде фермерлердің көмектерін жоғары бағалау қажет, олармен қорықша қызметкерлері арасында соңғы жылдары жақсы қарым-қатнастар жүзеге асқан; олар табиғатты және туған өлкені сүю, бірін-біріне көмектеу және өзара түсініктерге негізделген. Біз сеімдіміз, мұндай қолдау мен жалпы күшімізбен біз біздің қорықшаның мекендеушілерін қорғай аламыз.

Қорытындыда қорықшаға айырықша көңіл бөлгені үшін Астрахань облысының табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау Службасының басшылығына үлкен рахметіміз айтамыз, сондай-ақ біздің коллегалар мен партнерлерге

де рахметімізді білдіреміз, олардың арқасында биылғы жылы көптеген жұмыстар жүзеге асты. Мысалы, ақбөкенді сақтау Альянсының қолдауымен қорықша территориясында бізге кішкене кордонды жабдықтауға мүмкіндік болды, соның арқасында қазірде қорғау қызметкерлеріне толық демалуына жағдай туды. Ал IFAW Ресей бөлімшесінің қолдауымен кордонда күн батареясы орнатылды, сондықтанда бізде тұрақты жарық пен электроэнергия бар. WWF – Ресей көрсеткен қаржысы арқасында бізде бензинге тапшылық жоқ. Тағы да... Биылғы жылы біздің көптен бергі арманымыз орындалды: IFAW Ресей бөлімшесі қорықшаға екі фотоловушканы сыйлыққа тартты, солар арқылы біз жай көзге кең далада байқалмайтын оқиғаларды (әсіресе тәуліктің қараңғы мезгілінде) тіркеуге мүмкіндік алдық (<https://www.instagram.com/p/BHR67cIASBC/>).

Көктемде және жаздың басында 2016 жылы біз өзімізде Санкт-Петербург университеті мен РАН экология және эволюция проблемасы институтының ғылыми қызметкерлерін, ұлыбританиядан келген кинооператорлар группасын қабылдағанымызға қуандық (см. <https://nat.astrobl.ru/press-release/saygaki-v-astrahanskoy-oblasti-pod-nadyozhnoy-zashchitoy> және <http://www.ifaw.org/international/news/saiga-sanctuary-be-featured-our-planet-series>), Сондай-ақ WWF – Ресейдің региональдық бөлімшесінің мамандарын, Волгоградтан эколог-туристтерді қабылдағанымызға қуандық (<http://africa-v-tebe.livejournal.com/54027.html>). Біз әруақытта қуаныштымыз қайырымдылық ниетпен келген қонақтарға!

Соңынан айтарымыз, біздің шағын коллективтің барлық мүшелері қорқыныш сезімі үшін емес, саналылық үшін, бүгінде

Мақалалар (кеңейтім)

нәтижеге жетуге «ұштау»!, деп айтып жүр. Ал, нәтиже – бұл ақбөкендердің тіршілік етуіне Солтүстік-Батыс Прикаспий территориясында қазіргі қиын жағдайда

көмектесу; келешек ұрпақтар үшін бұл түрді сақтау үшін қолдан келген барлық мүмкіндіктерді жасау қажет.

«Сайгачий» қорықшасына мүдделі адамдардың қатынастарын бағалау

Соня Дханда¹, Елена Быкова², Э. Дж. Милнер-Гулланд^{3,2}

1. Лондонның Империа́л Колледжі (Imperial College London), sonia.k.dhanda@gmail.com;

2. Ақбөкенді сақтау Альянсы; 3. Оксфорд университеті

Ақбөкеннің үстірт популяциясын сақтау мақсатымен Қарақалпақстан Республикасында, Өзбекстан, ұйымдастырылған «Сайгачий» қорықшасының арнаулы ашылуы 1991 жылы болды. Қазірде қорықшаны қайта ұйымдастыру аяқталды, оған «комплекті (ландшафттылық) қорықша» статусы берілді. Қорықшаның жаңа статусы «қорғалатын территория категория 16 МСОП» сәйкес келеді, бұрынғының орнына, бұл категория 4 МСОП-қа сәйкес еді (қара: жоғарыда осы номерде). Қайта ұйымдастырылған қорықша қорғалатын территория болуы керек, ол тиімді басқарылатын, жабдықталатын және қаржыландыратын болуы қажет, сонымен бірге, регионда өздерінің жұмыстары арқылы қоршаған ортаға тигізген зияндары үшін мұнай-газ компанияларының төлейтін компенсациялары есебінен қаржыландыруда қарастырылуы керек.

Қорықшаны қайта ұйымдастыруды аяқтағанға дейін Лондонның Империа́л Колледжі мен ақбөкенді сақтау Альянсы серіктестерімен бірлескен проект жүзеге асқан, оның міндеттеріне осындай «Сайгачий» қорықшасы сияқты қорғалатын территорияны түсініп, қабылдауды әртүрлі мүдделі адамдармен бағалауды өткізу және олардың бұған қатысын білу керек. Қорықшаның қызметтерін жоспарлаған кезде проектіге қатысушылар барлықтарының пікірлерін, кім қандай да бір пайда табуды көздесе немесе оны ұйымдастыру кезінде жәбірленугде тап болса, ескеру қажет болды. Сондай-ақ мұндай тәсілді қолданудың пайдалылығы да бағаланды; ол Өзбекстанда әртүрлі деңгейдегі қорғалатын территориялар жоспарлаған кезде барлық мүдделі адамдардың пікірлерін қортындылау нәтижесінде осылай бағаланды.



«Степной» қорықшасына IFAW сыйлаған және кордоннан бақылайтын артезианаға орнатылған фотоловушқадан түсірілген.

Мәліметтерді жинау Ташкент пен Нөкіс қаларында, және екі поселкада – Қырық-Қыз бен Кубла – Үстіртте 2015 ж. 24 сәуірінен 18 маусымға дейін жүргізілді. Қайта ұйымдастырылған «Сайгачий» қорықшасы қалай мүдделі адамдардың әртүрлі группаларына әсер етеді; фокусный группалармен әңгімелер өткізілді, анкета толтырылды және жартылай құрылымдық интервью алынды. Біз, сонымен бірге, адамдардан сұрадық: «Сайгачий» қорықшасын қайта ұйымдастыру оларға және басқа адамдарға қандай пайда немесе шығындар әкелуі мүмкін, сонымен бірге қорықшаға қандай жағымды немесе жағымсыз әрекеттер жасауы мүмкін (группалардың әрқайсынан).

Барлық респонденттер үш группаға топтастырылған:

1. «Жергілікті тұрғындар» - Қырық-Қыз және Кубла – Үстірт поселкаларындағы және адамдар мен тұрғындардың группасы.
2. «Арнаулы ұйымдар» - барлық үкіметтік және халықаралық ұйымдар


(Госкомприрода, Госбиоконтроль; охотрыболовсоюз, ПРООН).

3. «Мүдделі жақтар» - «Сайгачий», қорықшасына жанама қызығушылық көрсететін адамдар, мысалы, мұғалімдер, ғалым – биологтар және геологтар.

Сонымен, біз 11 фокусный группалармен әңгіме өткіздік, соның арқасында қатысушылар әртүрлі бірлескен тапсырмаларды орындады, сонымен бірге 13 жартылай құрылымдық интервью болды. Сондай-ақ біз анкеталар жүргізу арқылы (барлығы 34 анкета) ақбөкеннің экологиясы мен қорғау жөнінде жергілікті тұрғындардың хабарлас болу деңгейі туралы мәліметтерді де жинадық.

Зерттеу нәтижелері

Жалпы алғанда, жергілікті тұрғындар статус туралы және Үстірт қыратының биоәртүрліліктерінің ерекшеліктері туралы хабарлас екен, сондай-ақ ақбөкенге аңшылық жасау туралы заңдарымен де хабарлас болып шықты. Жергілікті



Сурет 1. «Сайгачий» қорықшасын қайта ұйымдастыруда адамдар қатынасына әсер ететін факторлар жиынтығы. Бұл гипотетикалық схемасы Nastran программасының көмегімен зерттеу негізінде (моделирован).

Мақалалар (кеңейтім)

Пайда Жағымды әсер	
<p>Жергілікті тұрғындар</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Жұмыс орындрымен қамтамасыз ету (мысалы, инспекторлар ретінде) <input type="checkbox"/> Ақбөкендер популяциясы қалпына келгенде аң аулауға болады Жергілікті тұрғындар 	<p>Жергілікті тұрғындар</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Қорықшадағы жұмыс (құрылыс, экотуризм, табиғат қорғау)
<p>Өзбекстан азаматы және шетел азаматы</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Табиғи мұраны сақтау 	<p>Жергілікті әкімшілік</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Қорықшаны ресурстармен қалтамасыз ету (мысалы, транспорт, отын)
<p>Жергілікті әкімшілік</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Ақбөкендер популяциясы қалпына келгеннен кейін бұл жануарларды аулауға болады, ол табыс әкеледі 	<p>Иұнай-газ компаниясы</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Қорықшаны қаржы және техника жағынан қолдау, олармен қамтамасыз ету
<p>Ғалымдар</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Бұл территорияда зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндіктері 	
Шығындар	Жағымсыз әсер
<p>Мұнай-газ компаниясы</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Қорықша территориясында разработка жүргізу мүмкіндіктері жоқ 	<p>Жергілікті тұрғындар</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Мүйіздері мен еті үшін ақбөкен аулау
<p>Жергілікті тұрғындар</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Табиғи ресурстарына шектеулі қол жеткізу (мысалы, мал жаю үшін территорияға жіберу) 	<p>Мұнай-газ компаниясы</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Келешектегі разработка регионның биоәртүрлілігіне жағымсыз әсер етеді

Таблица 1. Мүдделі адамдар группаларымен әңгімелерде пайдалар туралы көретілген негізгі тақырыптар, оларды қорықшаның мүдделі адамдар группаларына береді, шығындар, оларды осы мүдделі адамдар көтереді және адамдардың әртүрлі группалары жағынан қорықшаның табысты қызметтер атқаруына әсер ету мүмкіндері.

тұрғындардың көпшілігі, арнаулы ұйымдар және мүдделі адамдар (ғалымдар, мұғалімдер және т.б.) былай деп санайды: жергілікті тұрғындарға «Сайгачий» қорықшасының ешқандай әсері болмайды, өйткені ол кезкелген елді пункттерден алыс орналасқан, бұл ауданға тек кездейсоқ малшылар мен браконьерлер ғана келеді. Ақбөкенді жасырын аулау бұрынғы кездегі сияқты жаппай аулау емес және регионда бұл жануарлар санының апатты азаюына байланысты сирек кездесетін болды. Оған қарамастан, браконьерлікті сұралған әрбір группа еске салды, соған сәйкес, оны «Сайгачий» қорықша қауіптерінің ішіндегі ең қауіптісі деп санайды.

Мүдделі адамдар мен ұйымдардың «Сайгачий» қорықшасын қабылдауы немесе түсінуі

Мүдделі адамдар мен ұйымдар қорғалатын территорияның қазіргі жағдайын түсінгеннен кейін, одан кейін олар қорықшаны қайта ұйымдастыру жұмысына қалай қарағаны мынаны көрсетті: өзара байланысты факторлардың әсерлері болуына сәйкес адамдардың әртүрлі группаларына әсерлері солай болуы мүмкін (Сурет 1).

Жергілікті тұрғындардың қорықша туралы, оның қазіргі жағдайы мен жұмыстары жөнінде мәліметтері өте аз. Олар

инспекторларға сенімсіз қарайды, мемлекет ақбөкендер популяциясын қалпына келтіреді дегенге күмәнмен қарайды. Арнаулы ұйымдардың қызметкерлері былай деп санайды: «Сайгачий» өзінің қызметін орындай алмайды, егерде ол жеткілікті түрде қаржымен және материалдық ресурстармен және барабар басшылармен қалтамамыз етілмесе. Сонда ғана оған қорықшаны белгілі дәрежеде басқаруға мүмкіндік туады. Арнаулы ұйымдардың жұмыскерлері атап көрсетті, қорықша «Сайгачий» приоритеттер тізіміне енбейді, қазіргі кезеңде олардың істеп жатқан жұмыстарына, және бүгінде Үкімет проектін қабылдамайды, қорықшаға жауапты негізгі ұйым-ПРООН болып табылады. Мүдделі жақтар қорықшаны қайта ұйымдастыруды энтузиазммен қабылдайды және оптимистік көңіл күймен келешек «айгачий» қорықшасына қарайды.

Қорықшамен байланысты пайдалар, шығындар және әсер етулер

Арнаулы ұйымдардың қызметкерлері, мүдделі жақтар және жергілікті тұрғындар потенциалды пайда мен шығындарды атап айтуды сұрады, олардың мұны көтеруге шамалары қандай, сонымен бірге қорықшаға адамдардың әртүрлі группалар жағынан жағымды немесе жағымсыз әсерлер ету мүмкіндері туралы өздерінің жорамалдаулар айтуды сұрады. Бұл тақырыптар әрбір әңгімелесуде талқыланды, ал талдаудың нәтижелері табл. 1 көрсетілген.

Біріккен жоспарлау тәсілін бағалау

Жалпы, бірлескен жоспарлау тәсілін регионда пайдалану күрделі болды, өйткені бірқатар елді пункттеріне жету шектеулі болды, себебі бұл зерттеудің концепциясы мүдделі адамдарға таныс болмады, біз жұмыс істеген концепция. Бұл қиындыққа қарамастан, бізге мүдделі адамдардан бірқатар пайдалы информациялар



Зерттеушілер командасы Үстірт қыратында.
© Александр Есиповтікі

алуға мүмкіндік берді, олармен пайдалы әңгімелер өткізілетін болды, олар маңызды көмек көрсетуге дайын.

Мұндай бірлескен әрекет Өзбекстанда табысты мақұлданған (апробациялау), мұндай тәсілдер (методтар) регионның праволық, құрылымын толықтырады және қолдайды. Сонымен, бұл тәсіл-жоспарлау процестерін қолдаудағы перспективалық инструменті болып табылады.

Рекомендациялар

Зерттеудің нәтижелері бізге төмендегідей рекомендациялар ұсынуға мүмкіндік берді:

Бірінші (бастапқы) этап «Сайгачий» қорықшасын қайта ұйымдастырғаннан кейін:

- Браконьерлікпен күресу мақсатымен ақбөкен таралған территорияларды патрульдеуді күшейту қажет.
- «Сайгачий» қорықшасын басқару жоспарын жасағанда, мамандар жағынан консультативтің көмек көрсету қажет, мысалы, қорықшаға адамдардың социальдық әсерлері ретінде мониторингтың индикаторларын дайындау арқылы, сондай-ақ тұрғындарға қорықшаның өзінің «биологиялық» әсерлері.

Мақалалар (кеңейтім)

- Қорықшада болып жатқан процестер туралы жергілікті тұрғындар мен мүдделі адамдарға тұрақты информациялар беріп тұру керек.
- жергілікті және жалпы мемлекеттік деңгейлердегі түрлі шараларды өткізу жолымен қорықшаның ашылуын мейрамдау қажет барлық информация орталықтары мен жергілікті басшылардың белсенді қатысуларымен.

Екінші этап «Сайгачий» қорықшасын қайта ұйымдастырғаннан кейін:

- Қорықшада білім беру программасын дайындау керек, оның шеңберінде мектеп балалары үшін экскурсия және экологиялық сабақтар өтеді.
- Инспекторлар үшін семинарлар мен тренингтер өткізу қажет; оның мақсаты – табиғат қорғау моралын қалыптастыру, регионның экологиясы саласында білімдерін жетілдіру және қабылданған заңдар базасын білу, сонлай-ақ жергілікті

тұрғандардың қажеттіліктері мен приоритеттері туралы хабарлас болуын күшейту қажет.

- Қазақстанда ақбөкенді сақтаумен айналысатын командамен байланысты күшейту керек, және Қазақстан мен Өзбекстан территорияларында трансшекаралық қорғау кеңістігін ұйымдастыру бағытында жұмыс істеу қажет.

Алғыстар

Зерттеу жұмыстарына қаржылай қолдауды Уитли табиғат қорғау фондысы (Whitley Fund for Nature) және ақбөкенді сақтау Альянсы көрсетті. Біз Өзбекстан Ғылым Академиясының қызметкерлеріне, олардың жұмыстарды ұйымдастырудағы көмектері үшін, сонымен бірге Өзбекстанда жұмыс істеген зерттеушілер командасына рахметімізді айтамыз. Жеке алғыс фокустық групп мүшелеріне олардың интервьюге қатысқандары үшін.

Хабарландыру

Ақбөкенді сақтау Альянсының – 2016 Кіші Гранттар програмасының Жеңімпаздары, қоныс аударатын түрлерді сақтау Конвенсиясының қолдауымен жүзеге асқан

Карлин Самуэль, ақбөкенді сақтау Альянсы, mail@saiga-conservation.com

Биылғы жылы бізге ақбөкен ареалындағы елдерде қоршаған ортаны қорғау жөнінде өткізілген жергілікті мамандардың үш қызық проекттерін қолдауға мүмкіндік болды.

Бірінші жеңімпаз – Степной қорықшасының инспекторлар командасы, Астрахань облысы, Ресей Федерациясы. Солтүстік-Батыс Прикаспийдегі ақбөкендер популяциясының саны шамамен 3500 особьтай және жойылып кету қаупінде тұр. Жануарлар үшін негізгі қауіп – браконьерлер. Бұл популяцияның едәуір особтары жылдың

едәуір бөлігінде «Степной» қорықшасында болады.

Бүгінгі күнде қорықша штатында 10 инспекторлар бар, олар тек тәулік бойы ғана емес, үнемі ешбір ақбөкен браконьерлер қолынан қаза таппағаны үшін күреседі, сонымен бірге жануарлар пайдаланатын территорияда олардың мекендейтін қоныстарын қалыпты жағдайда ұстауға да жауапты. Инспекторлардың кең көлемдегі міндеттеріне территорияны кездейсоқ өрттерден қорғау, су көздерін құрып, оларды белгілі дәрежеде ұстау, жануарлар



«Степной» қорықшасының инспекторлар командасы.

тіршілігі үшін ерекше маңызды, территорияны үй малдарының жайылуынан қорғау, қорықшаға фермелер мен браконьерлердің кірмеуін қадағалау, сондай-ақ табиғат қорғаудың ағарту шараларын жүзеге асыру кіреді. Олар өздерінің жұмыстарын жаздың ыстық күндерін де (температура 40°C асада) тоқтатпайды, тіпті суық қыстың түндерін де солай (температура - 35°C!).

Инспекторлардың қажырлы еңбектері арқасында қорықша ғылым орталығының және осы региондағы ақбөкенді және басқа да жабайы мекендейтіндерді сақтау жөніндегі репутацияны алды. Олардың жұмысындағы бұл маңызды элементті күшейту үшін біз жаңа кордон салуды қаржыландыратын боламыз. Ол қорықша территориясында салынатын болады, ол ғалымдардың, кинематографистердің және экологтардың келетін орталығы болып



Бибигүл Сарсенова

есертеледі. Сонымен бірге инспекторларда жұртшылықты табиғатты сақтауда қорықшаның маңызды ролін түсіндіру мақсатымен білім беру шараларын өткізуге мүмкіндік туады, және оларды табиғат қорғау шараларына тартуға себеп болады.

Бибигүл Сарсенова – «Қоғам және экология» ассоциациясының председателі, Қазақстан Республикасы – тағы бір Кіші гранттар программасының жеңімпазы. Бұл гранд Қазақстанда оған қоғамның ақбөкендердің орал популяциясын сақтау проблемасына қатынасын өзгертуге мүмкіндік береді, қазіргі кезде оның саны шамамен 70 000 мыңдай особь.

АСБК және балалардың дала клубтарымен бірлесіп жұмыс істеу арқасында бұл проект регионда браконьерлік жасаудың себептерін және жергілікті тұрғындардың ақбөкенге қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді. Бибигүл сондай-ақ жұртшылықтың әртүрлі группаларымен ағарту жұмыстарын жүргізуді жоспарлайды, бұл жұмыс ақбөкендерге байланысты кейбір проблемаларды шешуге бағытталған білім беру шараларан қамтиды. Сонымен бірге жергілікті мектептерде, творчествалық коллективтерде, табиғат қорғау ұйымдармен және қоғамдық оғандармен жұмыстар істеу жаспарланған, сонымен бірге, жаңа мектептерді тарту, солардың базасында жаңа дала клубтарын ұйымдастыру көзделген. Проект



Екатерина Очирова



Надежда Пюрвенова

Объявления (продолжение)

шеңдерінде Батыс Қазақстанның Таскалин ауданында орналасқан жабайы табиғатты және биоәртүрлілікті сақтау Орталығына бару жоспарланған. Онда қолда ақбөкендерді өсіру программасы жүзеге асуда.

Соңында, Екатерина Очирова және Надежда Пюрвенова Калмақиядан, Ресей Федерациясы, Кіші Грантты «Ақбөкен – біздің ата – тегіміздің тірі мұрасы» атты буклетті разработка жасағандары үшін алды. Ақбөкен тақпақтарда, өлеңдерде, халықтық фольклорда жиі айтылады, суреттерде бейнеленеді. Барлық бұл сенімді деректер бір буклетте жинақталған және олар регионның мектептері мен кітапханаларында таралған.

Проектілік команда бірқатар тарихи документтерге талдау жасайды, сол арқылы жергілікті тұрғындардың мәдени мұрасында ақбөкен қандай орын алатындығын

көрсеткісі келген, сондай-ақ бұл түрді сақтаудың маңызды екендігін паш етіп көрсету еді, ол үшін мысалдар ретінде көне байланыстар, символизм мен мәдениет, жалпы тарахпен өрілген материалдар пайдаланған. Сонымен бірге, проектиге қатысушылар оқырмандарды бүклетті дайындаудағы қиындықтармен таныстырады, олармен бүгінде ақбөкендерді қорғаумен айналысатын адамдарда кездесіп қалады, мысал ретінде белгілі қайғылы оқиғаны келтірейік, ақбөкендерді қорғаймын деп жүргенде, жергілікті инспектор Улдис Кнакис өзінің өмірімен қоштасқан жоқ па. Бұл буклет адамдарға бұл түрдің маңызын түсінуге мүмкіндік береді және кезкелген адам оны сақтауға өздерінің үлесін қосуға болатындығын көрсетеді.

Біз барлық біздің жеңімпаздарымызды құттықтаймыз және үміттенеміз, жақын келешекте олар жаңа проектилерді дайындайды.

Табиғатты қорғау саласында жас мамандар үшін 2016 ж. Ақбөкенді сақтау Альянсының Премиясы (сыйлығы), жабайы табиғатты сақтау Сетінің қолдауымен жүзеге асқан

Карлин Самуэль, Ақбөкенді сақтау Альянсы, mail@saiga-conservation.com

Ақбөкенді сақтау Альянсы жас экологтардың жұмыстарын қолдау керектігін түсінеді. Табиғатты қорғау саласында жас мамандар үшін біздің премия тек жұмысын жана бастаған жас экологтарға ғана арналған (жеке кейіпкер немесе группа), оларға гранттар беріледі, проектилер жергілікті жерлерде жүзеге асырылады және ақбөкен мекендейтін елдерде SCA партнерлері көмегін алады. 2016 жылы премияны жабайы табиғатты қорғау сеті қолдады, және біз жеңімпаздарды хабарландыруға қуаныштымыз.

Қазақстаннан 12-14 жастағы төрт бала – «Ақбөкен» дала клубының мүшелері олардың мұғалімі Батима Уталинаның басшылығымен өз мектептерінің балала-

ры мен жергілікті тұрғындар үшін бірқатар шаралар өткізеді. Команда «ақбөкен достарын» жинайды, ондағы мақсат – 5-класс оқушыларынан бастап 11-класс оқушыларына дейін табиғат қорғау жұмыстарына тарту және экологиялық «Цепной реакцияны» бастау. «Абөкен достары» үшін презентацияны дайындайды және оларға білімдер деңгейін көтеру үшін көмектеседі – көрмелер ұйымдастыру арқылы, плакаттар, газеттер, мультфильмдер және т.б. жасау арқылы. Сонымен бірге балалар экскурсиялар ұйымдастырады және экологиялық шараларды да өткізеді және жаңалықтарды таратуға жаңа группаларды қосады. Олар және өздерінің жұмыстарына қатыстыру мақсатымен жергілікті университеттің биология



Қазақстанда «Ақбөкен» дала клубының мүшелері – 2016 ж.

кафедрасының қызметкерлерін шақырады. Соңынан, группадан ешкімде логотиптен қалмайды. Балалар ақбөкен достарының жаңа группалары үшін логотиптің үздік проектісі үшін жалпымектептік конкурс өткізуді жоспарлайды.

Қалмақияда, Ресей Федерациясы, біздің жеңімпаз болып Айгүл Айтбаева аталды, 27 жастағы ағылшын тілінің мұғалімі, ол әуелде Република Қалмақияның жабайы жануарлар Орталығында жұмыс істеді, онда ол жергілікті мектептер мен қауымдастықтар үшін ақбөкенге арналған информациондық кампания өткізді, ақбөкен күнін ұйымдастыруға көмектесті. Ол «Тірі мұра» дала клубына көмектеуді жалғастыруда, бұл клуб ақбөкенді сақтау Альянсының қолдауымен жергілікті мектепте жұмыс істейді. 2014 ж. Айгүл жас мамандар үшін конкурста біздің премияны ұтып алды және Айгүль 5-7 кластың оқушылары үшін әсем бүклет «Таңқаларлық көшпенді»-ні конкурсын үш поселкада, ақбөкен мекендейтін қоныстарда өткізуді жоспарлап отыр. Айгүл балалар жасаған листовкалар ішінен заңсыз жарнамаларды таратуды және ақбөкен өнімдерін ауылды жерлерде сатуларды тоқтатуға көмектесетін ең жақсы листовкаларды тандап алады. Жеңген листовкалар баспада басылады және басқа да бес поселкаларда таратылады. Айгүл жергілікті дала клубтарымен жұмыс «стеуді жоспарлап отыр. Олардың барлығы бірігіп, бұл поселкалардың әрқайсысына ба-

рады, оларда кездесу мен презентация ұйымдастырады. Ақбөкенді сақтау туралы жұрттылықтың біліктілігін арттыру мақсатымен «Таңқаларлық көшпенді» буклетін таратамыз.

Моңғолияның жас ғалымы – Мунхаст Даланастуға, WWF-Моңғолияда жұмыс істейтін, маңызды ғылыми жұмыс жүргізуге Кіші грант берілген. Моңғол ақбөкендері ыстық және құрғашылық жағдайларға жақсы бейімделген, және сусыз қысқа мерзімге төзе алады. Бірақ, құрғақшылық жылдары ішетін су көздерінің саны шектеулі ғана, және біз бұл жануарлардың шөлін қанағаттандыратын су мөлшерін біле алмаймыз. Көптеген экологтар су ресурстарын тиімді басқару осы және басқа да облыстарда ақбөкендерді табысты сақтаудың маңызды факторы болып саналады деп көрсетеді. Осыны ескеріп, Мунхаст ақбөкеннің суға катысты проблемасын білу үшін өте маңызды зерттеу жұмысын жүргізеді. Одан кейін ол алдымен осы региондағы негізгі су көздерін және олардың орналасуын анықтап, картаға түсіреді. Бұл жаңа жұмыстың нәтижелері НПО мен мемлекеттік ұйыммен бірлесіп бұл территориялар үшін басқарудың жоспарын дайындауға көмектеседі, сонымен бірге осы маңызды ресурсты қорғау жоспарын жасауға жәрдеседі; бұл ақбөкен популяциясының тіршілігін қалыпты жағдайда ұстауға және оның мекендейтін ортасын жақсартуға мүмкіндік береді.



Ақбөкенді сақтау Альянсы премиясының жеңімпаздары, Жас мамандар – Айгүл Айтбаева (сол жақты) және Мунхаст Даланаст (оң жақта)

Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі

Владимир Калмыков: Менің жұмысымның ең жақсысы – қорықша территориясындағы тыныштық

Бүгін біздің редакция сұрақтарына Владимир Калмыков – «Степной» қорықшасының директоры Астрахань облысы (Ресей Федерациясы), ақбөкенді қорғау жөніндегі ең жақсы команданың бірін басқарады, ол ең бірінші мемлекеттік инспектор болды осы қорықшада және оның қалыптасуына тікелей қатысты. Барлық оның өміріне толық сіңген өзінің жұмысы үшін Владимир Калмыков бірнеше рет Астрахань облысы басшыларынан мадақтау сыйлығын алды, ал «Степной» қорықшасының барлық командасы ақбөкенді сақтау Альянсының премиясымен марапатталды.

Ред.: Қашан Сіз бірінші рет ақбөкенге көңіл аудардыңыз?

ВК: Шамамен 50 жыл бұрын, онда мен әлі баламын, ақбөкендер Астрахань облысы территориясында, атап айтқанда, Промысловка селосының маңында, житі кездесетін еді, міне осы селода мен дүниеге келгеніме бақыттым. Сол кезде біздің барлығымызға – ауыл балаларына – өте қызық болатын осы әдеттен тыс ерекше және жылдам жүгіретін жануарларды бақылау, туған өлкенің кең далалық кеңістігінің үстінен ұшып бара жатқандай.

Ред.: Қашан Сіз ақбөкенді зерттеу және сақтау жұмыстарын бастадыңыз?

ВК: 1988 жылы бірқатар себептерге байланысты мен өз өмірімді шұғыл өзгертуды шештім, бұл уақытқа дейін ауыл шаруашылығымен байланысты маған аңшылар мен балықшылардың Лиман қоғамына егер болып орналасуыма тура келді, онда менің міндеттеріме браконьерлерден аңшылық қоныстарын, территориясын қорғау, шаруашылық территорияда аң аулауды дұрыс жүргізуді бақылау кірді. 10 жыл аңшылар қоғамында аға егер болып істегеннен кейін, мен Астрахань облысының Лимандық және Камышовкалық аңшылық шаруашылығының охотнадзор



Владимир Калмыков – «Степной» қорықшасының директоры.

Службасына охотовед қызметіне тағайындалдым, онда ерекше көңілді кәсіптік жолмен ауланатын жануарларға, оның ішінде ақбөкенде бар, санын анықтауға бөлімді, оларды аулау мен басқа жерлерге жіберу жоспарланады, зиянды жыртқыштармен күресу шаралары жүргізіледі, азаматтардың аңдарды аулау ережелерін дұрыс орындауларын бақыладым, егерлердің жұмыстарында бақыладым, браконьерлерді ұстадым. Бұл жұмыстар маған «бастапқы мектеп» болды, онда алған білімдер соңынан маған тек қана өзіме ғана ақбөкенді қорғауға көмектескен жоқ, сонымен бірге өзімнің жинаған тәжірибелер мен дағыларды коллегаларға беруге мүмкіндік берді. 1994 жылы маған фундаментальды білімнің жетіспейтінін түсініп, мен Волгоград ауыл шаруашылық академиясының сырттан оқитын бөліміне оқуға түстім, оны 2000

жылы табысты аяқтадым. Сол жылы ақбөкен үшін де атақты оқиға болды – 2000 жылы Астрахань облысында мемлекеттік табиғи «Степной» қорықшасы ұйымдастырылды, онда оның ұйымдасқан бірінші күнінен бастап, мен мемлекеттік инспектор-мотоциклист болып жұмыс істедім. Міне сонда мен тығыз ақбөкенді бақылап қорғадым. Содан бері 16 жылдай өтті және міне мен осы тым уникальды ұйымның директорымын, оның негізгі міндеті – ақбөкенді және ақбөкен көршілері болып табылатын басқа да түрлерді қорғау болып табылады.

Ред.: Сіздің әдеттегі күніңіз немен басталады?

ВК: Былай қарасақ, менің барлық жұмысым алдын-ала бір айға жоспарланған тәрізді, бірақ, соған қарамастан, әрбір күн ерекше және ұқсас күндер бола бермейді. Егерде маған кабинетте отырып, «қағаз жұмыстарымен» айналысу қажет болмаса, онда мен қорықшаға кетемін де инспекторлармен бірге территорияны аралаймыз, біз бірқатар биотехникалық шаралар өткізумен айналысамыз, қорықша территориясында және онымен шектес территорияда тұратын фермерлермен әңгімелер өткіземіз.

Ред.: Сіз бізге ақбөкен туралы қандайда болмасын қызықты тарихты айта аласыз ба?

ВК: Ақбөкен – өте қызық жануар. Оны үнемі бақылауға болады және әр бақылауда оның мінез-кұлқынан таңқаларлық және жаңа кейбір жағдайды кездестіруге болады. Оны зерттеу, зерттеу және зерттеу қажет. Мен немесе менің коллегам жауап бере алмайтын сұрақтар көп – ақбөкендерді не қозғайды, қашан ол қонысын тастап кетеді, онда оны қорғайды ғой, және мекенін ауыстырады,


онда оны жойып жіберуі мүмкін. Аңдар адамзаттың қайырымдылығына үміттенуі ғажап емес? Бізге оны түсіну қиын. Әдетте ең қуанышты және мейірімді, бірақ, сонымен бірге, ақбөкендер өмірінде мазасыз кезең – лақтарын туу кезеңі. Аналықтар мен лақтарының арасындағы өзара қатынастар тарихы туралы көп айтуға болады, бірақ оның бәрін өз көзімізбен көргеніміз дұрыс

Ред.: Сіздің жұмысыңыздағы негізгі проблемалар қандай?

ВК: Ойлаймын, бұл сұраққа жауап беруде мен оригинал болмаймын, мынадай проблемалар: заңдылық базасының әлсіздігі, инспекторлардың еңбек ақыларының төмен болуы, тұрақты бензин мен техника тапшылығы – барлық ұйымдарға тән - ақбөкеннің барлық ареалында бұл жануарларды қорғаумен айналысатын мекемелер.

Ред.: Сіздің жұмысыңыздағы кедергілерді қалай жоюға болады?

ВК: Бұл сұраққа жауап алдыңғы жауап берген сұрақтармен тікелей туындайды – аңдарды қорғауға қатысатын қызметкерлердің еңбек ақыларын өсіру қажет, қорықшаның материалдық жақтарын жақсарту керек, сонымен бірге, маңыздының бірі - ақбөкенді қорғайтын құқақтық қорғау органдарын қоса, барлық құрылымдардың өзара қатынастарын қалпына келтіру керек. Бірақ бұған саяси еркіндік қажет, федеральдық әрі региональдық ұйымдардың. Сондай-ақ «Степной» қорықшасының инспекторларын кейбір өкілдіктермен қамтамасыз ету қажет, солар арқылы олар ақбөкенді қорғаумен, әсіресе, тек қорықша территориясында ғана емес, және қорықшадан тыс қоныс аударатан түр ретінде браконьерлерді ұстар еді.



Үш батыр - В.Калмыков, Н.Юденко, Г. Домовцов. © Галина Калмыкованікі

Ред.: Сіздің жұмысыңыздың ең жақсы жағы қандай?

ВК: Менің жұмысымның ең жақсы жағы – қорықша территориясындағы тыныштық, қиындықсыз-ақ мұнда жайылып жатқан ақбөкендер тобын көретін, бұтадан бұтаға қашқан қояндарды, түлкіні, өздерінің қасында шикылдап тұратын кеміргіштерді, көптеген құстарды... қызыға көрсек дейміз. Бірақ мұндай тыныш өмірді тек қорықша қызметтерінің қалыптасқан табанды еңбектерінің арқасында ғана жетуге болады. Міне, менің жұмысымның ең жақсы – бұл адамдар. Айта кетейін, бұрын, 20 жыл бұрын, Қалмақия Республикасы территориясында ақбөкенді қорғау жөнінде арнаулы отряд жұмыс істеді. Онда профессиональдық деңгейі өте жоғары мамандар жұмыс істеді, оларға фереральдық ауыл шаруашылық министрлігі қолдау көрсетті. Қайта құру заманы келісімен терең экономикалық дағдарыстың басталуымен байланысты бұл отряд қолдауды жоғалты және мұнда жұмыс істеген адамдар ешкімге керексіз болып қалды. Шынында, қажетті қорғаудың жоқтығын сезген браконьерлер өздерінің «қара істерін» бастады. Ал, адамдар ше? Өкінішпен айту керек, ақбөкенді қорғайтын отрядтың көптеген бұрыға қызметкерлері біздің қатарымызда жоқ, олардың бірқатары

бизнеске кеткен, осыдан шығатын нәтижеден кейін, бірқатары жұмыссыз. Бірақ «Степной» қорықшасының жолы болды – біздің қатарға ақбөкенді қорғау ісінде ең таңдаулы профессиональды екі адам қосылды: Геннадий Домовцов пен Николай Юденко, олар ұзақ уақыт пайда келтіретін орындарға керексіз болып қалды. Міне екі жыл бойы бұл профессионалдар өздерінің бай тәжірибелерін қорықшаның жас қызметкерлеріне беруде; бұл территорияны қорғау деңгейін көтеруге мүмкіндік берді.

Ред.: Ақбөкенді сақтаудың келешектері қандай? Бұл түрдің тіршілік етуіне көмектесу үшін бірінші кезекте не істеу керек?

ВК: Алдымен маңыздысы, ақбөкенді және табиғатты қорғауды тапсырылған әрбір адам өзінің ісімен айналысуы қажет, ақбөкенді коммерциялық пайда алу үшін саяси сауда объектісі ретінде пайдаланбауы керек; белгілі құрылым компетенциясына кіретін сұрақтарды шешу. Ең маңыздысы – өзінің тарихында санының өсуі мен құлдырауын және ареалының қысқаруы мен кеңеюін басынан кешірген, шынында да, уникалды және бақытсыз түрді сақтау тапсырылған барлық адамдардың бір-бірімен байланыста әртүрлі қимыл-шаралар атқарулары қажет; сонда ғана бұл түрдің тіршілік етуіне көмектесе аламыз.

Ред.: Сіз жануарлардың сирек түрлерін зерттеу және сақтау саласында бір онжылдықтан аса жұмыс істейсіз. Сол жылдары не өзгерді, бұл салада қазіргі тенденция қандай?

ВК: Жануарлардың сирек түрлерін сақтау мен қалпына келтіру саласында біздің елімізде бірқатар жұмыстардың

атқарылуына қарамастан (әсіресе, бұл ірі мысықтарға қатысты), мен ерекше оптимизмді сезбеймін және қазіргі тенденция, әсіресе, ақбөкенге қатысты, жағымды динамикада деп айта алмаймын. Ресейдің Минприродасының мәліметінен

көрінгендей, таяу арада ақбөкен Ресей Федерациясының Қызыл кітабына енетін болады, бірақ менде сенім жоқ, тіпті мұндай акция ақбөкеннің тірі қалуына және оны сақтауға көмектеседі деген.



Біздің жоғалтқандар. © Александр Есиповтікі

Біздің жоғалтқандарымыз

Николай Николаевич Ткачевті еске алу



Николай Николаевич ұлы – Алексеймен.
© Евгений Полонскийдікі

2016 ж. 15 сәуірінде кенеттен Николай Николаевич Ткачев – қайтыс болды – Атрахань облысының «Степной» қорықшасының инспектор-водителі.

Бізден тамаша адам кетті, ол қорықшада оның ұйымдастырылған күнінен бастап жұмыс істеді, 2000 жылдың 5 сәуірінен бастап Николай Николаевич бірнеше

рет өзінің денсаулығы мен өмірін қауіпке төндірді, біздің ұлттық игілікті – ақбөкенді браконьердер қолынан қорғау саласында.

Николай Николаевичті білетіндердің барлығы да оның профессионалды маман екендігін (ол ақбөкендер өмірі туралы барлығын білетін), байсалды, көп сөйлемейдігін, сондай әдеттен тыс қайырымдылығы мен мейірімділігіне еске алады. Бұл нағыз адам болды. Николайдың ісін оның ұлы жалғастырады – Алексей Ткачев, «Степной» қорықшасына Ресей армиясы қатарында қызмет атқарғаннан кейін жұмыс істеуге келген және соңғы төрт жылда әкесінің бай тәжірибесін меңгерген. Ол - оның сенімді сменасы болды.

Редакция SN қорықшаның қызметкерлерімен бірге қайғыға ортақтасып, Николай Ткачевтың туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Мария Карлштеттер, ол қоршаған

Мария Карлштеттерді еске алу

ортаны қорғау жұмысына шын берілген маман, ақбөкендерді қорғауға әдәуір үлес қосты. Биылғы шілде айында Германияда автокатастрофадан қайтыс болды.

Мария жан-жақты білімімен және Орта Азияда бай жұмыс тәжірибесімен тамаша биолог және эколог болатын әрі мәдениет пен табиғатқа да үлкен құштарлықпен қарайтын. Оқуды бітірген соң зерттеу жүргізетін проектiлер және қоршаған ортаны қорғау проектiлерге қатыса жүріп, ол әртүрлі ұйымдармен қызметтес болды. Мария Афганистанда, WSC-пен, Өзбекстанда, Қазақстанда және Таджикистанда FFI-да жұмысiстеді. FFI проектiлерінің бірі, 5 жылдай, 2009 жылдан бастап, ол қатысқан проект Үстірт қыратының экологиясын тереңірек

түсінуге бағытталған және ақбөкеннің үстірт популяциясын сақтап қалу үшін практикалық жұмыстарды дайындауға бағатталған еді. Бұл проект SCA-мен, ал 2010 ж. бастап АСБК-мен тығыз байланыста жүзеге асуда. Марияның күш салуы арқасында, тек регионда ғана емес, сондай-ақ бүкіл планетада жойылып кету қаупінде тұрған бұл түрдің жағдайы өте мүшкіл екендігін білдік. Телеметрия көмегімен және зерттеудің басқа да әдістерімен, проектi шеңберінде қолданылған, ақбөкеннің үстірт популяциясы жөнінде көптеген жаңа информациялар алуға мүмкіндік болды, ал жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтау жөніндегі конвенция төңірегіндегі келісім және өндірістер арасындағы диалогтар бірқатар маңызды практикалық шараларды жүзеге

асыруға көмектесті және жоғары деңгейдегі келісімге жетуге жәрдемдесті. Сонымен Марияның инициативасы бойынша қазақстандық кедендік Службамен келісім жасалған, онда контрабандалық жолмен әкетуге тырысқан ақбөкен мүйіздерін анықтау үшін іздеу иттерді пайдалану жөнінде келіскен. Жиі пайда болатын проблемалар мен қиындықтарға қарамастан, Мария әруақытта өзінің тілеген істің жайын өзгертуге мейірімділігі мен адалдығы арқасында тырысатын.

Марияның туған жерінде өмір сүру үміті және туыстары мен достарына жақын болу идеясы Германияға 2013 ж. қайтуға мәжбір етті. Бірақ, бұл оның Орта Азияға деген қызығушылығын суытқан жоқ. Ол Орта Азия сүтқоректілер проектісіне (Central Asian Mammals Initiative - CAMI) қатысты – жұмыс программасының разработчиктерінің бірі болып, 2014 ж. қарашасында Бонн Конвенциясы жақтары қабылдаған; одан кейін Орта Азия мен Индияда экологиялық проектiлермен айналысатын немістің консалтинговалық компаниясында жұмыс істеді.

Мария табиғатта уақытын активно өткізуді жақсы көретін, тау туризмімен, альтинизммен, фотографиямен айналысатын, ал демалуды артық көретін, йога және сурет салумен де айналысатын. Коллегалар Орталық Азиядан Мария туралы сондай жылылықпен,



Мария Карлштеттер. © FFI

рахымдылықпен еске алады, олар оның адалдығын, мейірділігін және басқаларды оптимизммен шабыттандыруға дайын екендігін еске алады. Мариямен жұмыс істегендердің барлығы да оны үздік дос ретінде және білімнің үлкен бағажы бар нағыз профессионалы ретінде еске алады. Ол шынында табиғатты қорғауға берілген және бұл дүниені талмай тамаша етуге тырысатын.

Құттықтаулар

Біз терең құрметтеуімізді білдіреміз барлығына, кім қаржылай көмектісті және ақбөкенді сақтау Альянсының жұмыстарын қолдауға біраз уақыттарын бөлгендері үшін. Біз WCN қызметкерлері мен волонтерлеріне олардың тұрақты көмектескендері үшін, сондай-ақ АҚШ пен басқа да елдердің тұрғындарына ақбөкенді сақтау фондысына өздерінің құрбандықтарын бергені үшін ризашылдығымызды білдіреміз. Сондай-ақ біз қоныс аударатын түрлер Конвенциясы (CMS), WCN, WWF-Монголия сияқты ұйымдарға бұл номерді шығаруды қолдағандары үшін үлкен алғысымызды айтамыз.



SAIGA CONSERVATION ALLIANCE

Ақбөкенді сақтау Альянсы
www.saiga-conservation.org

Ақбөкен ресурстық орталығы:
www.saigaresourcecentre.com

Saiga Merchandise:
www.saigacraft.org

Email: mail@saiga-conservation.com

**©Saiga Conservation Alliance 2016 /
Тіркелген қайырымдылық Англия мен
Уэльс**

© Андрей Гилёвтікі,
Карина Каренинанікі